


АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ЗЕРТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

2-бет



ОРАЛХАН ОЙЛАРЫ АЛАШҚА АМАНАТ!

6-бет



ТІЛ ҮШІН АЛАҢҒА ШЫҒУҒА ДАЙЫН ӘБЕ ТОҚСАН ЖЕТІГЕ ТОЛДЫ!

7-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №42 (964) 1.11.2021 jyl




## ІЗТАЙДЫҢ ӨШПЕС ІЗДЕРІ

Студент Ізтай Мәмбетовпен 1950 жылдар басында таныстым білем. Кертпеш танау, келте мұрынды, өткір көзді, шапаты денелі, шалт қимылды бірақ, биязы мінезді сыпайы жігіт өлеңін алғаш «Пионер» журналына әкелді. Қысылып, терлеп-тепшіген де жоқ, омыраулап өлермендік көрсеткен де жоқ.

8-9 бет

Қазыбек ИСА:

# ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТТІ РЕСЕЙГЕ БЕРЕ САЛУ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ НҰҚСАН ЕМЕС ПЕ?!.




5 бет

Біз БҰҰ-ның халықаралық рейтингі бойынша онлайн-қызмет бойынша 11-ші орында, электрондық үкімет бойынша 29-шы орында, электрондық қауіпсіздігі бойынша 31-ші орындамыз. Тіпті, Ресейдің алдындамыз! Ендеше бүкіл 19 млн. қазақстандықтардың жеке мәліметі бар мемлекеттің электрондық үкіметін түгел шет мемлекетке – Ресейдің Сбербанкіне бере салуды қалай түсіндіресіз?!. Бұл биыл 30 жыл толып отырған Тәуелсіздігімізге нұқсан емес пе?
Сіз «бұл келісім шарт емес, меморандум» дейсіз, бәрі меморандумнан басталады...



# ҚАЗАҚ МИНИСТРІ ҚАЗАҚША ЖАУАП БЕРДІ

## АЛ ВИЦЕ-МИНИСТР ҚАЗАҚША ЖАУАП БЕРУДЕ ҚАТТЫ ҚИНАЛДЫ...

ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРІ СЕРІКҚАЛИ БРЕКЕШОВ ДЕПУТАТТАРҒА БЕРГЕН УӘДЕСІНДЕ ТҰРДЫ.

3 бет



## ҚАРТ БӘЙТЕРЕК ҚҰЛАДЫ

Серік Смайылұлы Қирабаев дүниеден озды.

15 бет

Валерий ЖУМАДИЛОВ:

# НАДО ПЕРЕНИМАТЬ ОПЫТ ЕВРОПЫ В ЛЕГКОЙ АТЛЕТИКЕ



Казах из Эстонии Валерий Жумадилов привлек к себе внимание 9 лет тому назад, когда после 50 лет начал не только участвовать в мировых чемпионатах в категории Masters (ветераны спорта и любители), но и ставить рекорды и занимать призовые места. Возможно, будь Валерий Жумадилов профессиональным спортсменом, который с молодых лет занимался спортом и был известным с давних пор, то эта новость не вызвала бы такого интереса.

10 бет

# АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ЗЕРТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өтіп жатқан «Ұлық ұлыс – Алтын Орда» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның қатысушыларына құттықтау хат жолдады.**



«Баршаңызды «Ұлық ұлыс – Алтын Орда» атты халықаралық конференцияның ашылуымен құттықтаймын. Бұл алқалы жиын тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі белесіне орай өткізілуде. Алтын Орда тарихы қазіргі қазақ мемлекеттілігінің жылнамасымен тығыз байланысты. Әйгілі Жошы хан кесенесі мен Сарайшық қаласының Қазақстан аумағында орналасуы және шетел мұрағаттарынан көптеген жазба деректердің табылуы – осының айқын дәлелі. Шын мәнінде Алтын Орданың тарихы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Түрлі себептерге байланысты төл шежіреміздің осы бірнеше ғасырлық кезеңі назардан тыс қалды», – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында. Сондай-ақ, Президент еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана бұл олқылықтың орнын толтыруға жол ашылғанын еске салды. Елімізде қолға алынған «Рухани жаңғыру» сияқты ауқымды бағдарламалар жұртымыздың тарихи санасын жаңғыртуға зор үлес қосып, мыңдаған жылдық шежіреміздегі сабақтастық жалғасын тауып, ұлттық рухымыз биіктей түскенін атап өтті. «Біз Алтын Орда дәуірінен келген құнды жәдігерлерді дүние жүзіне танытып, оны туризм саласын дамыту үшін тиімді пайдалануымыз керек», – делінген.



# КЕЗЕК КЕРОСИНГЕ ДЕ ЖЕТТІ

**Керосин тапшылығы әуе қатынасын тұралатады. SCAT әуе компаниясының басшылығы осындай мәлімдеме жасады. Әуе тасымалдаушы елімізде авиациялық отын тапшылығын Үкімет тезірек шешпесе жағдай күрделене түседі дейді.**

Қазір елімізде солярка мен бензинге ілесіп керосин бағасы да айтарлықтай өсті. Сәйкесінше бұл билет құнына әсер етеді. Себебі әуе отыны билет құнының кемінде 40 пайызын алады Осыдан бір апта бұрын ғана SCAT әуе компаниясы ұшуды тоқтатудың сәл-ақ алдында болған. Кейін проблеманы шешу үшін еке қымбат тарифпен отын сатып алыпты. Енді сол керосин да таусылуға жақын.

2018 жылы мұнай өңдеу зауыттарында жаңарту жұмыстары жүргізілген соң елімізде бензин шығару 84%, дизель 36%, авиакеросин өндіру үш есе өскені айтылған-ды. «ҚазМұнайГаз» өкілдері «біздің зауыттар ел тұтынатын қажеттіліктен жанармайды 24 пайызға артығымен шығара алады, енді оған деген тапшылық 2032 жылға дейін мүлдем болмайды» деп сендірген болатын. Бірақ мына жағдайға қарасақ оны- сы әдеттегідей бос сөз екен. Қалай болғанда да керосин қымбаттаса, жолаушылардың қалтасы қағылатыны сөзсіз. Бұл мұнайлы елдің үкіметі жанармай саласындағы нарықты реттеуге дәрменсіз екенін көрсетеді.

# АҚЫН БЕЙНЕСІ САХНАДА СОМДАЛДЫ

**Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында «Рақымжанның Қасымы» поэтикалық драмасының премьерасы өтті. Қойылым ақынның 110 жылдығына арналды.**



Қойылымды Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, актер-драматург Кенес Жұмабековтің «Рақымжанның Қасымы» пьесасы бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Болат Ұзақов сахналады. Қазақ поэзиясының көгінде жұлдыз болып жарқырап, әсем ән болып шалқыған Қасым ақынның туған жерін сағынып, көгілдір Кент тауларын аңсап жыр толғаған сәттерінен басталады да, бірте-бірте балалық шағына ойысады. Спектакльде Қасым өмірінің бірнеше кезеңі қамтылған, сондықтан да сахнада әр кезеңдегі Қасым образын театрдың бірнеше актері сомдайды.

«Драмада келтірілген мәліметтер ақынның өз шығармаларына және тарихи деректерге негізделген. Қасым туралы кезінде оның замандастары көп жазған. Сол деректерді 4-5 жыл аралығында жинақтап, осы драманы жаздым. Ақынның әрбір өлеңінің шығу тарихы, қиындық көріп, жетім қалғаны – барлығы осында қамтылған. Спектакльде режиссердің концепциясы бойынша кемелденген Қасымның көз алдынан оның бүкіл өмірі өтеді», – дейді Кеңес Жұмабеков. Поэтикалық драмада Қасымның әндері де орындалады.

# МАЛШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

**ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың 125 жылдығына орай Жамбыл облысында Қазақстан малшыларының республикалық слеті өтті.**




Ауқымды шара аясында Тараздa «Ауыл шаруашылығы» скверінің, данкты шопан бейнеленген барельефтің ашылуы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде Ж.Қуанышбаевқа арналған бірінші республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Т.Рысқұлов ауданында асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарлары мен ауыл шаруашылығы техникасының көрмесі өтті. «Данқты шопан Жазылбек Қуанышбаев соғыстан кейінгі жаңа өмірдің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Ол алғашқылардың бірі болып қаракөл қойын өсіруді қолға алды. Биыл өңірде бірқатар іс-шара жоспарланған. «Жалпақ жұрттың Жаз атасы» кітабының тұсауы кесілді», – деді жиында облыс әкімі Бердібек Сапарбаев.

Жиын соңында сала ардагерлері Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» және «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгілерімен марапатталды. Аймақ басшысы шаруа қожалықтарының озат шопаны мен жылқышысына 15 миллион теңге көлемінде сертификат және «Жылы бұлақ Меркі» шаруа қожалығының шопанына «Lada Vesta» автокөлігінің кілтін табыстады.



# ІШКІ ІСТЕР ГЕНЕРАЛЫ ТІЛ ГЕНЕРАЛЫН ҚОЛДАДЫ

**Павлодар облыстық Ішкі істер департаменті басшысы, полиция генерал-майоры Нұрлан Масимовтың «Тіл жанашыры» Құрмет белгісінің иегері, тіл күрескері Руза Бейсенбайтегін қабылдады, өтінішін тыңдап, департаменттегі іс қағаздарының қазақша жүргізіліп жатқанын көрсетіп, есеп берді. Рузамен бірге Павлодардағы қайтпас, қайсар тіл күрескері Диас Күзқайыр бауырымыз бірге болды.**

Бұл – Қазақ тілінің Керекудегі жеңісі!

Алла жар болсын!

Өткенде Жасұлан Иса бастаған тіл қорғандарының мемлекеттік тіл туралы және Руза Бейсенбайтегіне қысым жасалып жатқаны жайлы Парламентке жолдаған хатына байланысты Бас прокурорға нақты қарекет көрсету туралы жазған едік (жауабы келгенде жариялармын).

Қалай болса да, Полиция генералының Тіл күресінің генералы Ruza Beisenbai Tegin қабылдауы өте жақсы болыпты!

Бұл – жақсы үрдіс! Барлық облыс, қалалардың ішкі істер саласы басшылары үлгі алар іс!

Бұл – ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Мемлекеттік тіл мәселесі ұлттық қауіпсіздікпен бірдей деген тапсырмасының іс жүзіне айнала бастауы деп білеміз.

Бұл – генерал Масимовтың мемлекетшілдік қасиетін көрсеткен өнегелі ісі Павлодар облысындағы Мемлекеттік тілді – яғни Мемлекеттің заңдарын қорғағаны үшін, Мемлекет мүддесін қорғағаны үшін тіл күрескерлеріне қысым жасау секілді масқара қарекеттерге енді тоқтау салады деп білеміз.

Генерал-майор Нұрлан Мырзаханұлы Масимовке еліміздің Тіл күрескерлері атынан да, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы фракциясы мүшесі ретінде де зор алғысымызды білдіреміз.

Алла жар болсын Алашқа!

Ақ жол!

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты**

*«Қазақ үні»*

# ҮКІМЕТ ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУҒА ҚАУҚАРСЫЗ

**Елімізде күнделікті қолданатын әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің барлық түрлерімен бірге көкөніс те қымбаттады. Тек қана соңғы бір аптаның ішінде картоп пен сәбіз, қырыққабат сияқты өнімдердің бағасы 50-60 теңгеге көтеріліп шыға келді, қымбаттау әлі де жалғасып жатыр.**

Қымбатшылық алдымен тиын-тебенін санап отырған қарапайым тұтынушылардың қалтасын тақырлауда. Мардымсыз жалақысы мен өлместің күнін кешуге ғана жететін зейнетақыға қарап қалғандардың жағдайын ауырлатып жіберді. Коммуналдық төлемдерден қалған қаражатын азық-түлік алуға жеткізе алмай жүргендердің саны күннен күнге артуда. Бұл жағдайға түрлі деңгейдегі депутаттар да алаңдаушылық білдіріп, Үкіметтің қолға алған шарасы түкке тұрғысыз екенін айтып та жатыр. Олардың пікірінше бағаны тұрақтандыру үшін тауар құнына шектеу қойып, қатаң бақылауға алу қажет. Мұндай тапсырманы жақында ғана премьер-министр Асқар Мамин сала басшылары мен аймақтық әкімдерге жүктеген болатын. Одан ешқандай нәтиже көріп отырған жоқпыз, әдеттегідей бас уәзірдің айтқаны тағы да айдалаға кетті. Айтқанын орындата алмайтын бұл не деген дәрменсіз үкімет?

Көкөністің қымбаттауы әсіресе солтүстік және батыс өңірлерде айқын байқалады. Тапшылық кесірінен бір аптаның ішінде Петропавлда картоп 50 теңгеге, сәбіз 60 теңгеге қымбаттаған. Оралда келісі 180 теңгеден сатылған картоп қазір 220 теңгеге жеткен. Ал сәбіз бен қырыққабатқа саудагерлер елу теңге қосып, келісін 250 теңгеден сатуда. Көкөніс бағасын реттей алмаған жергілікті билік оны қуаңшылық пен тыңайтқыш бағасының көтерілуінен деп түсіндіреді. Ал саудагерлер мен осы саладағы кәсіпкерлер жол шығынының көбеюіне байланысты оңтүстіктен көкөніс әкелу тиімсіз, солярка қымбаттауынан оны алысқа жеткізе алмаймыз дейді.

Ұлттық статистика қорының дерегі бойынша жыл басынан бері елімізде сәбіз бағасы 45 пайызға, картоп 38,5 пайызға қымбаттаған. Күнбағыс майы соңғы он айда 10.9 пайызға өсіпті. Пияз бен қанттың бағасы ай сайын қымбаттап отырған. Демек бағаның шарықтауына қарсы шаралар ешқандай нәтиже бермеген. Осы уақытқа дейін елімізде ішер асымыздың көбін сырттан тасиды екенбіз. Азық-түліктің 70 пайызы импорт болса, тек 30 пайызы ғана отандық өнім. Үкіметтің отандық өндірісті өркендетеміз дегені де қағаз жүзінде қалып отыр.

**Тіл саясаты дегеніміз – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан жүзеге асырылатын қоғамдағы тілдік жағдаятты өзгертуге немесе тұрақтандыруға бағытталған саяси, әлеуметтік және лингвистикалық шаралар жүйесі дейді мамандар.**
**Ел-елдегі тілдік ахуалдың әр түрлі болуына байланысты тіл саясаты да алуан түрлі болып келеді. Тіл саясатының өзіндік сипатына қарай әр ұлттың өз ана тілінің тағдыры шешіледі. Демократиялық бағыттағы саясат ұстанған мемлекет әр этностың ана тілінің өмір сүруі мен дамуына жағдай туғызса, кей мемлекетте бірді-екілі тілдің дамуына ғана мүмкіндік туғызып, қалғандарын іс жүзінде тежеп, шағын этностардың ана тілін оларды бірыңғай мемлекеттік, әкімшілік тілге көшіруге тырысады. Осы жолда бар мүмкіншілікті іске қосып бағады. Олай болса, тіл саясаты екі түрлі бағытта жүргізіледі деп түюге болады. Бір бағыты – тілді тұншықтыру, екіншісі – тілдердің еркін дамуына жағдай жасау.**

# ТІЛ САЯСАТЫНА БАТЫЛ ӨЗГЕРІС ҚАЖЕТ



Осы санақта қазақтардың саны 70%-дан асып кетеді. Енді біз жалтақтай бермей, көптің қамын жеуіміз керек, яғни қазақ тілін өзіне тиесілі аумаққа жаю үшін бар жағдайды жасауымыз керек. Геосаяси жағдайға байланысты біз қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтеруге кедергі келтіріп отырған орыс тілін Балтық елдері сияқты қатаң түрде тізгіндеуге қауқарымыз жетпеді. Бірақ бұлай отыра беруге енді болмайды. Біздің тіл саясатына қатысты қабылдаған заңдарымыз бүгінгі күннің талаптарына жауап бере алмай жатыр. Қазақстанда тұратын халық қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуі тиіс екендігін сезінбейді. Тіл саясаты арқылы оған қажеттілік тудырып отырған билік те жоқ. Ал мәңгілік бұлай бола беруі мүмкін еместігін білетін саналы топ төменнен белсенділік танытып отыр. Бұл заңдылық! Өйткені, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл дегеніміз – белгілі бір мемлекеттің аумағындағы ерекше саяси құқықтық (заңды) мәртебеге ие тіл. Қазақ тілінің құқықтық мәртебесі тек мемлекет аумағында ғана жүреді. Яғни, Қазақстанның шекаралық аумағы тек қазақ тіліне ғана тиесілі. Тіл саясаты бойынша ол аумақта өзге тілдің үстемдігіне жол берілмеуі керек. Бұл да мемлекеттік тілге қатысты халықаралық нормаларда қалыптасқан талап.

Кейбір елдерде ресми тіл деген ұғым бар. Ресми тіл (лат. officialis-қызметтік; орыс. официальный язык) – белгілі бір аумақта (территорияда) таралған және белгілі құқықтық (заңды) мәртебесі бар, барынша кең қоғамдық қызмет атқаратын тіл. Ұғымдық мәні бойынша бұл да мемлекеттік тіл. Алайда құқықтық жағдайына байланысты кейбір елдерде мемлекеттік тілден ерекшеленеді. Мысалы, ағылшын және француз тілдері Канадада ресми тіл болып табылады және бірыңғай мәртебеге ие, Канада Парламенті мен Үкіметтік мекемелерде қолданылуы жағынан тең дәрежелі, тең құқылы.

Қазақстанда орыс тіліне ресми тіл мәртебесі берілмеген, бірақ Қазақстан Республикасы Тіл туралы заңының (1997 ж. 11 шілде) 5-бабында «Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына орыс тілі қазақ тілі мен ресми түрде тең қолданылады» деп көрсетілген. «Мені құртқан Көкшолақ» дегендей біздегілердің көбін адастырып отырған осы бап. Орыс тіліне қатысты жалпақ шешейлігімізден біздің жүргізіп жатқан тіл саясатымызды шетелдік мамандар Ресейдің құрамындағы Татарстанмен бір деңгейде деп таниды. Яғни біз мемлекеттік тілді құқықтық қамтамасыз ету жағынан тәуелсіз елдер қатарына жатпай тұрмыз. Біз бұрын да, қазір де босаң саясат ұстанып келеміз. Соның кесірінен отыз жыл ішінде қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өзіне тиесілі аумаққа толық жая алмай отырмыз. Бұл егемен елдің тіл саясаты үшін ұят нәрсе. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қорғаудың заңнамалары ескірген. 1999 жылы тамызда қабылданған Ата заңымыздың 7-бабын өзгерту қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз 7-бап:

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

Үңіліп қарасақ, алғашқы сөйлемде мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігі ғана айтылған болды. Одан кейін мемлекеттік ұйымдарда орыс тілі осымен тең қолданылады делінген. Ең сорақысы мемлекет Қазақстан халқының барлық тілдерін үйрену мен дамытуға жағдай туғызып, қамқорлық жасайды екен. Осыдан кейін мемлекеттік тіл қалай дамысын?!.

Бұдан соң 1997 жылы шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңындағы барлық баптар мемлекеттік тілді қолдауға емес, тұқыртуға, оған тиесілі аумақты орыс тіліне әперуге, өз мемлекетінде өзі атқаруға тиісті қызметтерін орыс тіліне жүктеуге арналып тұр.

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы ҚР 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы:

8-бап. Тілдердің қолданылуы Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.

9-бап. Мемлекеттік органдар актілерінің тілі Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

10-бап. Құжаттама жүргізу тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі.

Бұл санақта жетпіс пайыздан асатынымыз анық. Бұны енді жасыра алмас. Елімізді кеңес кезіндегідей ұлттар лабораториясына айналдырмай, енді мұны басым қазағымыздың мүддесіне қарай бұрылып, мемлекеттік тіл туралы заңнамаларды өзгертуге тиіспіз.

***Бижомарт ҚАПАЛБЕК,***
***Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, филология ғылымдары кандидаты***



# ҚАЗАҚ МИНИСТРІ ҚАЗАҚША ЖАУАП БЕРДІ

## АЛ ВИЦЕ-МИНИСТР ҚАЗАҚША ЖАУАП БЕРУДЕ ҚАТТЫ ҚИНАЛДЫ...

**Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешов депутаттарға берген уәдесінде тұрды. «Өзбек министрі өзбекше жауап берді» немесе «Орыс министрі орысша жауап берді» деген сөз ол екі елде де, әлемде де масқара болып саналып, ешқашан айтылмайды. Өйткені, мемлекеттің министрі мемлекеттік тілде сөйлеуі бізден басқа елдің бәрінде табиғи заңдылық!**

Ал бізде, өткен үкімет сағатында айтқанымыздай, қазір қазақ министрі қазақша сөйлесе қуанатын мүшкіл жағдайға жеттік - Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығының «жетістігі»...

Кеше Мәжілістің жалпы отырысында Адам құқы мен жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселесі қатар қаралды.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешов өткенде депутат Жанарбек Әшімжанның қазақша сұрағына қазақша жауап бере алмаған болатын. Сонда Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин мінбедегі министрге: «Сіз енді бірінші рет келіп тұрсыз бізге. Депутаттың қойған сұрағы күрделі мәселе. Сіз парламентке келіп отырсыз! Бұл мемлекеттік тіл! Қазақ тілінде қойылған сұраққа қазақ тілінде жауап берілуі керек. Шетелде оқыдыңыз. Ағылшынша тілдерді білесіз. Туған елде жүргенде, білдей министрлік жұмыста жүргенде қазақ тілінде сөйлеу керек! Келістік пе?-деген еді. Министр сол кезде: «Түсінікті! Міндетті түрде! – деп, депутаттар алдында спикерге берген уәдесінде тұрды. Кеше қазақша қойылған сұрақтарға шама-шарқынша қазақ тілінде жауап берді. Сөйтіп, талай министрді тәубасына келтірген Мәжіліс төрағасы жаңа министрдің де тілін қазақша шығарды.

Жарайсың министр мырза! «Уәде-құдай аты» деген осы. Әйтпесе, бізде мемлекеттік тілге миы жетпей жүрген министрлер аз емес. Олардың ең әйгілісі 2001 жылы өзімiздің өз ана тілі мен мемлекеттік тілін білмейтін және білгісі келмей: «Если вы мне не поменяйте мои мозги, мне казахский язык не выучить!» деп анаумынау емес, парламенттің алдында мәлімдейтін министр Ерлан Ыдырысовтарды қайтеміз?! Сол «мемлекеттік тілге миым жетпейді» деген Ыдырысов содан бері екі рет министр болды. Екінші рет Ұлыбританияда елші қазір. Мемлекетінің мемлекеттік тілін ешкім сұрамайтын жерде...

Өткенде 6 қазан күні өткен Мәжілістің жалпы отырысында депутат Тілектес Адамбековтың қазақша қойған сұрағына Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асқар Жамбакин: «рұқсат болса, орысша жауап берейін» деп еді, депутат «Жоқ, қазақ тілінде жауап беріңіз!»деп, оның ыңғайына көне қоймай, қайсарлық көрсетті. Ал вице-министр мемлекеттік тілде жауап беруде қара терге түсіп, айдалаға лағып кетті... Ақыры депутат сұрағын Ресей тілінде қоюға тура келді. Сонда да ол жауапты жарытқан жоқ.

Депутаттардың бәрі Тілектес Серікбайұлы секілді «тек қазақша жауап беріңіз» деп табандап тұрып алса, талай министрлер қазақша тіл сындырып қалар еді...

Талай жазғанымыздай, «Ақ жол» партиясы фракциясы 2012 жылдан бері көтеріп келе жатқан, былтыр «Қазақ үні» ұлттық порталында Қазақстан Президентіне жазылған Ашық хаттағы бір айда 126 мың адам талап етіп, қол қойған Мемлекеттік тіл туралы заң қабылданбай жағдай осылай күннен-күнге қиындай береді!?.

Ал Мемлекеттік тіл туралы заң Тұжырымдамасы жобасы Үкімет басшысының тартпасында жатқанына бір жылдан асып кетті... Жоғалып кеткен бұл заң жобасына іздеу салып «Ақ жол» фракциясы биыл Үкімет басшысына екі рет депутаттық сауал жолдады.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылында да Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдай алмай келе жатқандықтан, елге күлкі болып, көрген күніміз осы...

**Қазыбек ИСА**
*Қазақ үні*

**Тұрсын ЖҰРТБАЙ:**

# «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ – АЗАТ ЕЛДІҢ АЛМАС ҚЫЛЫШЫ!

**«Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев елордадағы бір топ зиялы қауым өкілдерімен кездесті.**




Кездесуге ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібекұлы, белгілі ғалым Тұрсын Жұртбай, Мәжіліс депутаты, көрнекті ақын Қазыбек Иса, алаштанушы Сұлтанхан Жүсіп, белгілі филолог Қайрат Сак, «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ербол Тілешов бастаған бірқатар белгілі тұлғалар қатысты. Еркін ой алмасу форматында өткен жиында ел ағалары көкейдегі ойларын айтып, руханият пен мәдениет саласына қатысты өзекті тақырыптарды қозғады.

Қазақтың қабырғалы қаламгері, профессор Тұрсын Жұртбай өз сөзінде «Ақ жол» партиясының игі істеріне деген ризашылығын білдірді.

– Жерге қараған 70 миллион қазақ болғанша, елге қараған 7 миллион қазақ болайық. Әр адам өзіндегі жақсылықты жұртқа шығарса, сол жақсылық өзіне мың есе қайтады. Өтетін жерде өтпеген қылышты отқа тастау керек. Халықтың сөзі - алтын алмас. Азат елдің алмас қылышы болыңдар. Жерге қарамай жерге ие болып, елге қарап, елдің қамын жасаңдар. Азат деген ат - тәуелсіз рух. Осы рухтары тәуелсіз болса біздің ұлтымызға ешқашан құлдықтың тамшысы тамбайды. Қазақтың санасына азаттық алып келіңдер, - деп ақ батасын берді Т. Жұртбай.

Өз кезегінде, Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков «Ақ жол» партиясының қызметіне оң бағасын беріп, Азат Перуашевқа «Қазақстан Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков» деген естелік медалін сыйға тартты.

– Бұл медаль ешқайда сатылмайды. Еліміздің дамуына өз үлесін қосып жүрген Азат бауырыма арнайы сыйлаймын, - деді Жандарбек Мәлібеков.

Жиын барысында «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев бірқатар зиялы қауым өкіліне «Қазақ Республикасына 100 жыл» мерекелік медалін табыстап, ағалардың ыстық ықыласына алғыс айтып, «Ақ жол» партиясы ұлттық мүдде, ел руханияты мен Алаштың асыл мұраты үшін аянбай еңбек ете беретінін жеткізді.

Аталмыш медальға ие болғандардың қатарында Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай, «Тіл-Қазына» орталығының директоры Ербол Тілешов бар.

# КҮРІШ АЛҚАБЫ ҚЫСҚАРСА – ҮШ ЖҮЗ МЫҢ АДАМ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛАДЫ

**ҚР Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов күріш саласының болашағы туралы депутаттық сауалын ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р.В.Склярға жолдады.**



Осы жылдың наурыз айында «Ақ жол» фракциясының депутаттары Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің атына су тапшылығына байланысты еліміздегі күріш алқаптарын 29 мың гектарға азайту туралы мәлімдемесіне түсіндірме беруін сұрап сауал жолдаған болатын. Министрдің берген мардымсыз жауабына және жақында «Ақ жол» партиясына келіп түскен Алматы облысының Балқаш, Ескелді ауданының күрішші диқандарының хаттарына орай бүгін қайта сауал жолдауға мәжбүрміз. Министрлік тіпті бізге берген жауабында ақпарат құралдарын шарлап жүрген көпке белгілі мақаланы үтір, нүктесіне дейін өзгертпей басыпты. Осындай жаттанды, ғылыми негізі жоқ, атүсті жауаптарыңыз онсыз да күріш саласының болашағына алаңдап жүрген диқандар қауымында жауаптың орнына, керісінше, көптеген сұрақтар туғызуда.

Бір ғасырға жуық тарихы бар, аға буынның маңдай терімен суарылған, аштықпен соғыс жылдарында елге талғажау болған, кешегі дағдарыс уақытында ауылдардың тірегі болған «ақ алтынымыз», бүгінде Қазақ елінің «Ақ маржан» брендіне айналған, күріш егетін үш облысты қосқанда бір миллионға жуық азаматтарымызға жұмыс беріп отырған күріш саласының ешқандай ғылыми зерттеусіз, бір параққа сиятын бұйрықпен сіздер қалай үштен бір бөлігін қысқартпақсыздар?! Күріш алқабы, жоғарыда айтылғандай, қысқарса, орта есеппен үш жүз мыңға тарта адам жұмыссыз қалмақшы, олардың жанұясын қалай асырайсыздар?! Әлде, олар да әлеуметтік көмектің кезегіне тұра ма?! Бүгінгі азық-түліктің қымбаттауы, пандемия, экономикалық дағдарыстар кезінде еліміздегі әрбір кәсіпорынның, жұмыс орнының, әсіресе, ауылдағы күнкөрістің маңызы өте зор, тіптен жаңа жұмыс орнын ашу үшін мемлекетіміз миллиардтаған қаржы жұмсауда. Олай болса, ғасырлық тарихы бар, әлеуметтік, экономикалық құны баға жетпес сала туралы терең ойланып, елмен, мамандармен ақылдасып барып, салмақты һәм ашық шешім неге қабылдамасқа?!

Алматы облысының күрішшілерінен келген хатқа сүйенсек, олар күрішті тек табыс табу үшін ғана емес, туған жерлерінің шөлге, тұзға айналмауы үшін экологиялық мақсатта егіп отыр. Еліміздің экологиясына жауапты мемлекеттік орган бұл мәселемен таныс деп ойлаймыз. Жергілікті фермерлердің осы тақырыпқа байланысты наразылығы ретінде Министрлікке бір қап тұзды почтамен де жіберген болатын. Осы орайда, Күріш атасы атанған Ыбырай Жақаевтың: «Мен күрішке тек тағамдық дән деп қарамаймын. Ата-бабамның, атамекенімнің байырғы дақылы деп қараймын», – деген сөздерін айта кеткен жөн деп санаймыз.

Биыл қатты қуаңшылық болып, Сыр елінде, Түркістан мен Алматы облысының шөлейт аудандарында малға жем-шөп болып отырған да күріштің арқасында су ішкен күрмек шөп пен күріштің сабаны, яғни, күріш егілмесе, мал да азықсыз қалатын еді. Қазақта «рудың басы болғанша, судың басы бол» деген мақал бар. Біздің құзіретті мемлекеттік органдар судың тапшылығын тек қана егістік алқапты қысқартудан ғана емес, Іле мен Дариянның, Жайық пен Ертістің басында отырған көршілеріміздең және суды үнемді пайдаланудың заманауи технологисын қолданудан іздеу керек. Жиырма бірінші ғасырдың өзекті мәселелерінің бірегейі су болары сөзсіз. Бұл сұрақты өкілетті орган көрші мемлекеттермен тиісті келіссөздер жүргізіп, халық шаруашылығына, елімізге тиесілі су үлесін халықаралық деңгейде қорғап, су үнемдеу технологияларын дамыта отырып шешуі тиіс.

Құрметті Роман Васильевич! Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, «Ақ жол» фракциясы:

1. Болашақта еліміздің экономикасында күріш саласы бола ма, жоқ па?

2. Егер күріш өндірісі сақталып, су каналдарын, инженерлік дренажды жүйені қалпына келтіру жұмыстары басталса, осы жүйені болашақта өздері пайдаланатын диқандардың өзін жұмысқа тартуды жоспарлап отырсыздар ма?

3. Ал енді күріш алқаптары қысқартылса, жұмыссыз қалған жоғары деңгейлі мамандарды басқа салаға, басқа кәсіппен айналысуға, мысалы, мал шаруашылығына бейімдеу қарастырылған ба? Олай болса, қысқы мерзімді пайдаланып, оларды қайта оқытып, көктемге қарай жаңа дақыл тұқымымен немесе аналық мал басымен қамту мүмкіндігі бола ма?

4. Егер жоғарыда айтылған мәселелер шешілмесе, сарапшылардың пайымдауынша, үш жүз мыңға жуық азаматтарымыз жұмыссыз қалу қаупі бар. Бұл азаматтарымыздың көпшілігі қалаға келері сөзсіз, ауыл отбасылары көпбалалы, оларды мектеппен, баспанамен, жұмыспен қамтуға дайынсыздар ма?! Әлде, кешегі ауылдың еңбеккор адамдары Үкіметке қол жайып, көмек сұрап, жастары базарларда арба сүйреуге мәжбүр болмай ма?

5. Егістік алқаптары бос қалатын болса, жердің деградациясына қарсы қабылданған экологиялық кешенді шараларыңыз бар ма? Егер жоқ болса, шұғыл түрде қарастыру қажет. Ал деградацияға қарсы шаралар жүргізілетін болса, бұрынғы астық алқаптарын абаттандыру, мысалы, сексеуіл егу сияқты жұмыстарға тағы да жергілікті азаматтарды тарту аса маңызды деп санаймыз.

Еліміздің жауын-шашынсыз, шөлейт аймақтарына орналасқан күріш саласымен айналысатын диқандардың көтерген мәселелерінің маңыздылығын ескеріп, қойылған сұрақтарға мазмұнды жауап берулеріңізді сұраймыз.

**Құрметпен, «Ақ жол» Демократиялық партиясы фракциясының депутаттары**

# КОВИДПЕН
## КҮРЕСКЕН МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ЖАЛАҚЫ БЕРІЛСІН

**«Ақ жол» демократиялық партиясы фракциясының Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалын Мақсат Раманқұлов жолдады.**

Соңғы айда Қазақстан пандемиямен күресте жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді, біз ауру деңгейінің жалпы төмендеуін байқап отырмыз, бұл мемлекетке карантинді әлсіретуге және кәсіпкерлердің жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Сонымен бірге, әлемдегі жағдай босаңсауға әлі ерте екенін көрсетеді, ал шамадан тыс оптимизм мен ұқыпсыздық инфекцияның жаңа толқынының қайталануына қауіп төндіреді.

Ресейде күн сайын қырық мыңға жуық коронавирус жұқтыру жағдайы анықталып, мыңнан астам адам қайтыс болуда, бұл пандемия кезіндегі ең нашар көрсеткіш. Ал Қытайда аурудың жаңадан белең алғанын хабарлап, тағы бір мегаполисті толық оқшаулады. Жағдайды бақылауда ұстау қажеттігіне кеше Премьер-министр Асқар Мамин назар аударды, атап айтқанда, Денсаулық сақтау министрлігіне вакцинация қарқынын арттыруды және шекарада эпидемиологиялық қадағалауды күшейтуді тапсырды.

Осы шараларды қолдай отырып, «Ақ жол» КДП фракциясы кез-келген тапсырманы нақты адамдар орындайтынын еске салуға мәжбүр. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар тарапынан вируспен күресте алдыңғы қатарда жүрген дәрігерлер мен медицина қызметкерлері өтіп жатқан сынақтарды бағаламау байқалады. Бұл өзінің және жақындарының денсаулықтарына қауіп төндіре қызмет еткен жүздеген дәрігерлердің өмірі қиылған соғыс десе болады. Өйткені ауруханалардың ковидтік аймақтарында жұмыс істей отырып, олар вирустың тасымалдаушысы болып табылады және қауіпті вирусты туыстарына жұқтыруы мүмкін.

Былтырғы жылдың 28 қазанында «Ақ жол» фракциясы COVID-19-бен ауырған дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне төлемдердің күшін жоюға қарсы пікір айтып депутаттық сауал жолдаған болатын. Біз дәрігерлерге мемлекет тарапынан қамқорлық жасап, қиын уақытта қолдау көрсету маңызды екенін атап өткен едік. Соған қарамастан, Денсаулық сақтау министрлігі төлемдерден бас тартып, оларды медициналық мекемелердің ковидтік аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемақылармен алмастырды.

Бірақ бір жыл өтпей-ақ, тамыз айында бұл төлемдер екі есеге азайды, ал 1 қазаннан бастап олар толығымен тоқтатылды. Бұл ретте, министрліктің түсіндіруі бойынша үстемеақының орнына дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерге 7 (жеті) мамандық және үш тәуекел дәрежесі бойынша қосымша ақылар енгізілетін болады.

Алайда, «Ақ жол» партиясына медицина қызметкерлері өтінішпен келіп, оларға қандай қосымша ақылар берілетіні, олар әрбір нақты жағдайда күші жойылған үстемеақыларға балама бар ма, жоқ па белгісіз екендігіне шағымдануда. Дәрігерлер тұрақты күйзелістер, эмоционалды тұрақсыздық және пропорционалды емес қауіптер салдары олардың көпшілігінің денсаулық сақтаудағы әрі қарайғы жұмыс істеуі туралы немесе мамандықтан кету туралы шешіміне тікелей байланысты екенін жасырмайды. Ақ халатты абзал жандар Денсаулық сақтау министрлігі айтқан тәсілдерде бұл қосымша төлемдер ең лас және аз ақы алатын жұмысты орындайтын кіші медициналық қызметкерлерге қолданылмайтынына алаңдайды; коронавируспен ауыратын науқастарды алғашқы анықтау және олармен тікелей байланыс жиі болатын емханалардың қызметкерлеріне арналған төлемдер туралы ештеңе айтылмаған.



Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, пандемияның жалғасу қаупінің артуы аясында «Ақ жол» КДП фракциясы ковидтік қатер аймағында жұмыс істейтін медицина қызметкерлеріне бұрынғы деңгейден төмен емес жалақының тиісті мөлшерін қамтамасыз етуді талап етеді. Әйтпесе, министрлер мен кәсіпкерлерді «қорқытатын» бақылау топтары өздері бұл қауіппен күресулеріне тура келеді.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**



25-қазанда Парламент Мәжілісінде Үкімет сағаты өтті. Депутаттар алдында ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Мусин есеп берді. ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» фракциясы мүшесі Қазыбек Иса министрге елдің алаңдаушылығын тудырып отырған Үкіметтің электрондық платформасын Ресейдің Сбербанкіне беру мәселесі және Цифрландыру саласындағы, Егов платформасындағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі туралы сұрақ қойды.

Қазыбек ИСА:

# ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТТІ
## РЕСЕЙГЕ БЕРЕ САЛУ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ НҰҚСАН ЕМЕС ПЕ?!.

«Құрметті министр Бағдат Батырбекұлы!

1.Қазақстанның цифрландыру деңгейі жақсы дамуда. Оған жаңа сіздің жасаған баяндамаңыздан да көзіміз жетті. Біз БҰҰ-ның халықаралық рейтингі бойынша онлайн-қызмет бойынша 11-ші орында, электрондық үкімет бойынша 29-шы орында, электрондық қауіпсіздігі бойынша 31-ші орындамыз. Тіпті, Ресейдің алдындамыз! Ендеше бүкіл 19 млн. қазақстандықтардың жеке мәліметі бар мемлекеттің электрондық үкіметін түгел шет мемлекетке – Ресейдің Сбербанкіне бере салуды қалай түсіндіресіз?!. Бұл биыл 30 жыл толып отырған Тәуелсіздігімізге нұқсан емес пе?

Сіз «бұл келісім шарт емес, меморандум» дейсіз, бәрі меморандумнан басталады. Дауылдың алдындағы жел тұратыны секілді. Өйткені, бұл меморандумға Үкімет басшысы Асқар Мамин қол қойып отыр ғой. Өзіңіз айтқандай, бұл қоғамда үлкен қарсылық туғызып, шу болуда. Бұны сіздің жауабыңыз да қанағаттандыра алмады. Бұған алаңдаған «Ақ жол» фракциясы депутаттық сауал да жасады, оны өзіңіз білесіз.

2.Цифрландыру саласын міндетті түрде шетелге бермесек, күн көре алмайтын болсақ, онда Қазақстаннан кейінгі орында тұрған Ресейге бергенше, неге алдыңғы қатардағы елдерге бермейміз ашық та әділ конкурс жасап. Неге барлық жағынан Ресейге байланып қалғанбыз?!.

3.Бұл IT секторының дамуына кедергі келтіреді. Мамандардың шетелге ағылуына жол береді деп отыр сарапшылар. Өйткені, тапсырыс беруші мемлекеттік және жергілікті органдардың тапсырысын қожайыны шетелдік платформа иесі өзі біледі кімге беруді...

4.Егер АҚШ ертең Ресейге әлемдік ең алдыңғы қатарлы бағдарламаларға қол жеткізуге тосқауыл қойса біз қайтеміз? «Екі түйе сүйкенсе, шыбын өледі» дегендей, шырылдап, босқа құрбан болып кетпейміз бе?

5.Сіз Бағдат Батырбекұлы, өзіңіз министр ретінде мемлекеттік тілде жақсы сөйлейді екенсіз, рахмет. Қазір қазақ министрі қазақша сөйлесе қуанатын масқара жағдайға жеттік, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығының «жетістігі»...

Ал цифрландыру саласындағы, E-gov платформасындағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі қандай?

Бұл сауалға жауап ретінде Бағдат Мусин біріншіден техникалық құжаттар даяр болғанша, ешқандай келісімшартқа қол қойылмайтынын қайталады. «Осы күнге дейін жұмыстарды атқару үшін миллиардтаған сомаға лицензиялық бағдарламаларды сатып алған едік. Біз оларды өзіміз жасаған жоқпыз. Солардың базасында, негізінде үлкен жүйені жасау – біздің қазақстандықтарға тиесілі. Платформаны жасау, негізін сатып алу – тек бір ғана мәселе. Ал оны құрастыру, қажетті платформаны құру – ол біздің қолымызда. Бұл жұмысқа тек қазақстандық мамандар тартылады және біздің IT-секторға серпіліс береді. Жаңа идеяға, жаңа платформаға көшу отандық мамандар үшін қосымша тапсырыстар алып келеді. Атап айтқанда, бізге кім ашық кодтарды берсе, соларды қарастыруға дайынбыз деген сауал жібердік. Сондықтан ешкімге де тосқауыл қойып отырған жоқпыз», – деді министр.

Осы орайда, ол «Сбердің» технологиясы қарастырылып жатқанын, өйткені олар ашық кодтарды беруге дайын екенін айтты. «Олардың технологиялық деңгейін зерделеу үшін сарапшылық кеңеспен бірігіп пысықтаймыз», – деді Бағдат Мусин. Сөз соңында министр аталған мәселе бойынша Парламент депутаттарының және сарапшылардың қатысуымен тыңғылықты талқылауға дайын екенін айтты.

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ҮКІМЕТТІҢ ДӘРМЕНСІЗДІГІН КӨРСЕТТІ

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азамат Әбілдаев «Ақ жол» демократиялық партиясы фаркциясы атынан ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р. Склярға депутаттық сауал жолдап, ауылшаруашылығын субсидиялау мәселесін көтерді. Бұл туралы «Қазақ үні» ақпарат агенттігі хабарлады.**

Депутаттың пікірінше, фермерлер жем-шөп қымбаттап тұрған шақта малды ұстауға қауқарсыз, бордақылау алаңдары малға бағаны көтере алмайды, өйткені бордақылау құны өсіп кетті. Ал халықтың сатып алу қабілетінің төмендігі және әлеуметтік шиеленістің жоғары болуына байланысты ет бағасын көтеру қиын. «Ақ жол» фракциясы осы орайда фермерлерге ешбір қосымша анықтама құжаттарын талап етпей, оңайлатылған әрі түсінікті схема бойынша несиелер мерзімін ұзарту немесе қайта құрылымдауды ұсынды.

– Фермер қандай жағдайда несие бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға, жедел өтінім беруге, сондай-ақ несиеге мақұлдау алуға болатынын түсінуі тиіс. Бұл мемлекетке ешбір қосымша қаражат шығынын келтірмейді. Аграрлық несие беру корпорациясы әрбір арыз берген шаруаның несиесін таңдаулы түрде емес, жаппай созу керек, – делінген депутаттық сауалда. Әбілдаевтың пікірінше, Ауыл шаруашылығы министрлігі азаматтарды халыққа көмектесуге шақырып, еріктілерге үміт артып, қызметкерлер еңбекақысын қорға аударуда. «ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі азаматтарға көмек көрсетуде үкіметтің дәрменсіз екенін көрсетуде» – деді депутат.

**Көне Түркі тарихы тұнған абыз Алтайдың аялы алақанындағы Катонқарағай өлкесінің Шыңғыстай ауылы Шығыс еліндегі қасиетті мекендердің бірі. Неге десеңіз, осыдан 78 жыл бұрын дәл осы жерде шыр етіп жарық дүние есігін ашқан нәресте Күлия Ана мен Бөкей Әкенің шаңырағын шаттыққа бөледі. Осылайша қазақ көгінде, әдебиет әлемінде әмсе сөнбес жарық жұлдыз жарқ етті. Ол – Оралхан Бөкей еді.**

Қазақ әдебиетінің асқақ Алтайына айналған Оралхан Бөкейдің халқына қалдырған руханият қазынасы туралы сүбелі зерттеулер өте көп. Әйтседе, жазушы прозасындағы пәлсапа тереңіне бойлау арқылы бүгін мен болашақ мәселесін болжауды тынбай жалғастыру бүгінгі ұрпақтың міндеті. Өйткені, Алтайдың арда Ұлы артына қалдырған асыл мұрасында Алашына айтып кеткен аманаты аз емес. Ол аманаттар қазақ үшін ғана емес, күллі жаһан жұрты үшін де өзекті мәселелер деп айтсақ асыра сілтеу болмас еді.

Дара жазушының шығармаларын оқысаңыз, «оқалы ойлар орманына» еніп кеткендей боласыз. Сөйтіп, дара дарынның болашақты болжай білген көріпкелдігіне қайран қаласыз. Біз де, әлем халқы да «табиғат тозып барады» деп «тіл қатпай» тұрған алаңсыз бір кезеңнің өзінде-ақ елі мен жерінің ертеңіне елеңдеген көкірек көзінің көрегендігіне тәнті боласыз. Елжірей жазған, еміреле жазған ой-сезім ірімдерін еліте оқисыз. Оқи отырып, осынша өзекті ойлардан жазушының «жұртым» деп соққан әз жүрегі езіліп кетпей қалай шыдады екен япырай дейсіз.

*«Тәңірім-ау, бұл не ғажап; неге жүрегім сыздап, көзіме жас іркілді? Құдай-ау, мен жылап жатырмын ғой... бұл не? Жоқ. Бұл – туған жердің торқалы топырағына деген аялы іңкәр сезімнің алақаны маңдайымнан сипағанда, өре түрегелген тәкаппар көңілдің шын елжіреуі»*, – деп «Табиғат – өмір – адам» новелласында ақтарған жан сыры – жазушының күллі ғұмырына тән жүрек толғанысы. Ал, біз бүгін туған еліміз бен жерімізді дәл осылай сүйеміз бе, тап осылай толғана аламыз ба?..

Енді Бөкейұлы Оралханның шығармаларында тұнған алаң ойларды **«ШЕКАРА», «АДАМ», «ЖЕР-АНА», «ТУҒАН ЖЕР», «ӨЗЕН-КӨЛ», «ОРМАН», «АҢ-ҚҰС»** мәселелері бойынша оқырман ретінде зерделеп көрейікші.

### ШЕКАРА МӘСЕЛЕСІ

Тәуелсіздік алып, шекарамызды шендедік дегенмен тағы бір өзекті мәселе жуық арада шешілмейтін сияқты. Жан-жағымыздағы «алпауыт елдер» ұланғайыр жерімізге сұқтана тамсанып, көздері аларып отырған елең-алаң кезеңде ел-жұрттың ауылдан қалаға ағылуы артпаса, кемімей тұр. Шекара елсіз, даламыз иен-тегін қалып жатыр. Ал, Оралхан Бөкей бұл мәселе туралы осыдан жарты ғасыр бұрын ауылдың іргесі сөгілмей тұрған кездің өзінде-ақ былай деп ескерткен екен:

*«Тәңірім-ау, Алтай неге күрсінеді... Әулиекөл неге тебіренеді...*

*...Әлде олар Алтайдың ар жағындағы у-шудың бер жағына ауыспауын адамдардан сұрап жатыр ма? Ей, адамдар, қалың қарағайдың орнына қалың жауың қаптап кетпесін!»*. («Қайдасың, қасқа құлыным» хикаятынан).



# Оралхан

# ОЙЛАРЫ АЛАШҚА АМАНАТ!

### АДАМ ХАҚЫНДА

«Ауыл хикаялары» атты шығармасының «Бастау» атты бөлімінде: *«Әйтеуір қолым босаса болды, аңсарым ауылға ауады да тұрады. Содан соң жан жарым Айманды ертемін де ауылға тартамын»*, - деген жазушы жерлестері туралы жүрекжарды сырын ақтарады. Бір орайында: *«Олардың өңі қартайғанымен, мінез-құлқы сол қалпында қалғанына қайран қаламын. Ал біз ше, заманның ағысы, уақыттың ығына қарай, әманда өзгеріп отыратын «модалы» мінез тауып алған жоқпыз ба осы?»* – деп бізге сұрақ қояды.

Ендеше, құрметті Замандас, сіз де ойланып көріңізші, шынында да біздің мінезіміз «модалы» сияқты екені өтірік пе...

Жазушының «Апамның астауы» хикаятын оқыдыңыз ба? Оқысаңыз жан Апаңыздың мейіріміне бөленген сол бір балдәуреніңіз көз алдыңызға елестеп, сағыныштан жүрегіңіз сазатыны күмәнсіз. Ал Оралхан апасы арқылы күллі Қазақ Аналары туралы былай деп толғанады: *...Дүниеде өсек-аяң, құлық-сұмдықты білмейтін, не болмаса тірі пенденің бетіне «әй, сен сондайсың» деп қарамаған, немесе тірі пендеге тілі тимеген, жарықтық ораза-намазы бұзылмаған, таза да тәкаппар әйел еді. Бала кезімізде байыбына барып бағамдадық па, бізді қойып бүкіл ауыл-аймақ, тіпті қазақ елі ең соңғы қасиетті әйел, тұрмыстық-салттық өмірдің этикалық, этнографиялық, тіпті археологиялық байлығынан айрылғанын білді ме? ...Құдай-ау, мәңгілік тіршіліктің жоғын сезе тұрып, Апам сынды адамдарды жер басып жүрген кезінде неге ардақтамадық, неге бағаламадық?»*. («Апамның астауы» хикаяты).

Жазушы Алматыға ала кеткен Апасының астауын да пәлсапаға айналдырып, адамдарға былай деп ой салады:

*«Сексен жыл жолдас болған жыртық астау да қаңсып қалды, әне...қаңсып итаяқ болып қалды, әне... Апам ала кеткен жоқ... «Апам менің... Сенен не қалды? Жарық астау ма? Иә. Адам өмірі де сол жарық астау секілді қаңсып қалады екен-ау»*. (Апамның астауы» хикаяты).

Жас та, жасамыс та алақандай телефонға телмірген бүгінгі жаһандану жағдайында адамдар Алла сыйлаған ізгі қасиеттерінен ада болып бара жатқаны да айдай ақиқат. Ал, Бөкейұлы бұл туралы ширек ғасыр бұрын былай деп ескерткен екен:

*«Қазір біз жатыпішер жалқаулықтың бұрынғы-соңды болып көрмеген жаңа дәуірін кешудеміз. Өзіміз ойлап тапқан жеңілдіктер бойкүйездіктің бесігінде әлдилеген сайын маужырап, бойымыз балқып, апиын ішіп алжасқандай, дел-сал, ұйқылы – ояу хал меңдеп барадыау. Рас, миымыз жұмыс істейді, біліміміз мұхиттай, бірақ бүкіл ағзамыз қимылсыз, қозғалыссыз, тұйық су секілді борсып, бірте-бірте өле бастамағанына кім-кепіл.*

*...Біз қатыгезденіп барамыз, Біз имансызданып барамыз, Біз айналайын анамыздың ақ сүтін ақтай алмай жүрміз, бір күнгі қызды-қызды қызыққа мастанып, тасыраңдап кеттік, көзімізді шел басты, көңіліміз көр, жігеріміз құм болып, құрдым дәуреннің әлаулайін шырқап жүрміз. ...Ел болудың ең бір оңтайлы сәтінде оспадарлық танытсақ, тегімізді жел көтеріп, еңкейіп шапқылай берсек, берекесіз де бекер ішім-жемнің құлы болсақ, Біз үшін жалғыз жанын садақалаған Ата-Баба аруағынан ұят емес пе? Біз күні - бүгінге дейін ұлттық адамгершілік, имандық бет-бейнесі мен болмысын, келбеті мен лайықтылығын анықтай алмай жүрміз.»* («Атау кере» хикаятынан).

### ЖЕР-АНА ТАҒДЫРЫ

«Адамзат даму үрдісінің ең жоғарғы деңгейіне жету кезеңі ақырзаманға әкеледі», - деген бір ғалымның (аты есімде жоқ) болжамын оқығаным бар еді. Расында да, сан миллиардтаған адамды асырап отырған Жер-Ананың тағдыры да қыл үстінде тұрғаны ақиқат. Бұл туралы Оралхан тағы да былай деп аттандаған екен: *«...Міне, олар жер жарықтықты қақпақыл қып ойнауда. Ал мен көксеген шын еріктілік қолдарына тисе, осы жұмыр жерді қайтер еді...! Құдай-ау, қайтер еді..! Білмеймін, осыны ойласам, құлағым шыңылдап, басым айналады. Мен өзімді жер де бұрынғыдан әлдеқайда тез айналып, егер ол дәл осылай тез айнала берсе, қирап қалатындай сезінемін. Мен осыны ойлағанда жер жарықтықты қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқтырмай, қойныма тығып, сипап ұйықтап кеткім келеді.* («Өліара» хикаяты).

### ТУҒАН ЖЕР ХАҚЫНДА

Бүгінгі таңда жалмауыз жемқорлар тоймас қарынын толтыру үшін қасиетті қара жерге ауыз салуы халықты алаңдатқан басты мәселе екені әркімге де аян. Ендеше, Бөкейдің ұлы бұл жайында бұй дейді:

*«Алтын бесік!...Ал енді осы алтын бесікті тіршіліктің көп-көп кәсіби жемтігіне саудалап кететіндер де бар ғой. Ең ғажабы сол – олар бәрібір күндердің күні басына қатер төніп, қыспақта қалғанда, немесе өзге жұрт қаны басқалығын бетіне басып, қыл бұрау салғанда, алдымен есіне сол алтын бесік пен ардақ ана оралар»*.(«Өліара» хикаятынан).

*«Тәңірім жердің тебінін, елдің егінін жат жұрттыққа тапттата көрмесін!»* (Ел мен жер» эссесінен).

### ӨЗЕН-КӨЛ ХАҚЫНДА

Мәліметтерге жүгінсек, еліміздегі ірілі-ұсақты 85 000 – ға жуық өзен және 42 мыңнан аса көлдің дені тартыла бастаса, енді бірқатары пенделердің кесірінен ластанған. Иә, бұл рас! Рас болғанда күллі ғаламда басталған қорқынышты құбылыс.

«Енді он - он бес жыл өткенде ауыз су тапшылығы басталады» - деген Біріккен ұлттары ұйымының алаң хабары да осының айғағы. Ал, бұл хақында Оралхан осыдан жарты ғасыр бұрын дабыл қаққан болатын. Ол кезде «судың да сұрауы бар» деген қазақтың көреген сөзін «иен-тегін ағып жатқан суға сұрау болу деген не сандырақ, тәйірі» деп салқынқанды қабылдағанымыз да рас. Ал Оралхан, сол мамыражай кездің өзінде «Терісаққан» атты шығармасында Ағарыс өзенінің атынан адамдарға былай деп арыз айтқан:

*«Ей, адамдар, менің қадірімді сендер де білмедіңдер: ...сендерде ес бар ма, жандарың ашыса, бет-бетімен кеткен үш салаңы қайта бұрып, тоған қазып, пышыраған бұлақты қақпайлап, арнама қайта қосар едің, суалар тек мен ғана ма, көрерсіңдер, талай орманың қуарып, талай көлің суалар, сонда ғана жер-анамның ырысын, жер-ананың күйісін шынышыл көңілмен сезіп, табынасың, шабыларсың...»*.

Осылай дей келіп, шығарма соңын: *«Ей, адамдар, өзен-өмірімізді ардақтайық!»* деген өсиетімен тұжырымдайды. Қайталап айтқым келе береді, бұл ойды жазушы қазақтың Ағарыс сияқты күллі өзендері мен көлдері алқына ағып жатқан алаңсыз бір кезеңде айтқан екен.

### ОРМАН ТУРАЛЫ

*«Алтайдың білетіні бұрынғыдай емес, төскейінің тілім-тілімі шығып, дүрілдеген бөлелердің жанын жаралап, бақты маңдайын тыртықтап жүргені. Оның білетіні бөлкім бұл да емес, бойындағы киімін екі аяқтылардың дал-дұлын шығарып жыртқаны, немесе қоңқою шашының - орманының тоз тақырлана оталып бара жатқаны шығар. Мейлі, дейтін кейде Алтай, мейлі өздеріне жақса істей берсін, күндердің күні менің көркіме зар болар».* («Қайдасың, қасқа құлыным» хикаятынан).

*«Баяғыдай емес ит тұмсығы өтпейтін қалың сексеуілдің бұл күнде мінтелін, етек-жеңі түріліп бара жатқаны Барханның қабырғасына қатты бататын. ...Трос тағып, тарктормен қопарып-қопарып, жөн-жосықсыз отынға жөнелтіп жатқан қайран сексеуілдің, әне, тек ойдым-ойдым орыны ғана қалған.* («Құм мінезі» хикаятынан).

### АҢ-ҚҰС МӘСЕЛЕСІ

1970 жылы небәрі 27 жастағы Оралхан Бөкейұлы өзінің «Аңдар азайып барады» атты мақаласында былай деп мәселе көтерген екен: *«Біздің дәуіріміз – табиғат байлығын қалпында сақтау, жер көркі аң-құсты қорғау дәуірі. Егер басқадай бір нәрсені бүлдіріп алсаң, оны қалпына келтіру қолыңнан келеді. Ал аң мен құсты құртып алсаң – бұл орыны толмас өкініш болмақ».* («Аңдар азайып барады» мақаласынан).

*«...Қазір адамдардан су ғана емес, табиғаттың орман-тоғайы, аң-құсы бәрі қашып барады».* («Құм мінезі» хикаятынан).

Құрметті Ағайын, біз жазушы қазынасындағы бірқатар алдаспан ойларын ғана мысалға келтірдік. Алаштың арда ұлының басқа да шығармаларын оқып, пәлсапа тұнығына өздеріңіз бойлап көріңіздер. Өміріңізге берер өнегесі өзгеше!

Оралхан Бөкейұлының мына бір жүрек толғауымен әңгімемізді түйіндегенді жөн көрдік. Бұл арда Ұлдың әр қазаққа ақтарған жан сыры, арманы. Оралханның арманы – Алаш жұртына аманат!

*«Жерін, Елін Шыңғысхан мен Жоңғарлардың шапқынынан, ақ бандалардың сойқанынан ең алғашқы болып қорғаған ерлердің қаны тамған өлке бұл. Қасиетіңнен айналайын қайран жерім, қажырлы елім! Жылдар өтер, талай су ағып, талай жапырақ қуарар, бірақ, туған жердің үстінде тек қана Қазақтың – тек қана төрт түлік баққан Елімнің түтіні Ту болып желбірер.*

*Жылдар өтер, бірақ осынау әр қойнауында ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, ел дәулетін тасытып отырған Қазақтың бейбіт өмір, момақан тіршілігін ешбір жау бұза алмас.*

*Мен осы ойдың бәрін көгілдір таудың ар жағына – «көршілерімізге» қарап тұрып, күбірлеп айттым. Бұл менің Жер мен Елге арнаған иманымдай, көкірегімнен бір сәт тастамайтын тұмарымдай еді.»* («Ел мен жер» эссесінен).

**Қанапия Шолпан ЗАМАНБЕК-ДҮРИЯҚЫЗЫ,**
**Оралхан Бөкей атындағы қалалық кітапхана қызметкері**
*Өскемен қаласы*

**Қазақ әдебиетінің классигі, Қазақстанның Халық жазушысы атағы бар екі жазушының бірі (екіншісі әйгілі ақиық ақынымыз, тіл қорғаны Мұқтар Шаханов), жазушылардан жалғыз көзі тірі КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты (барлығы үшеу-ақ болған, екеуі – М.Әуезов, Ж.Молдағалиев), қайсар қоғам қайраткері Әбдіжәміл Нұрпейісов бүгін 22 қазанда 97 жасқа толды! Алла жар болсын Алаш абызына!**
**Әйгілі «Қан мен тердің», «Сең» және «Соңғы парыз» романдарының авторы әлі тың, құдайға шүкір.**
**Екі жыл бұрын торқалы тоқсан бес жасын тойладық. Тоқсанын тойлатпаған еді, тоқсан бесін қаламгер-қайраткерлер бар, билігі бар, жабылып жүріп сұрағасын, зорға келісім берген еді...**
**«Ақ жол» партиясының атынан құттықтап бардық, жыр арнадық:**
**«Ақ жол» партиясының атынан құттықтап бардық. «Қазақ хандығына 550 жыл» медалымен марапаттап, арнау жыр оқыдық.**



# ТІЛ ҮШІН АЛАҢҒА ШЫҒУҒА ДАЙЫН ӘБЕ

*тоқсан жетіге толды!*

## ЕЛ ҮШІҢ ЕҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ТҰРҒАН ОЛ НИЕТІНЕН ӘБЕҢ БҮГІН ДЕ ҚАЙТҚАН ЖОҚ...

### АБЫЗ

*Әбдіжәміл Нұрпейіске*

*«Қан мен терді» әлем бүгін ән ғылып,*
*Жан мен шерді жырлап жатса-заңдылық!*
*Кейіпкерлер атып шығып кітаптан,*
*Кетті өмірге араласып мәңгілік!*

*Тербелесің терең теңіз зарымен,*
*Әділдікті талап еттің бәрінен.*
*Өмір үшін күресудің не екенін,*
*Мұзға жазды ел тырнағының қанымен...*

*Теңіз беті қызыл қанға боялып,*
*Дауылдардан кетті қазақ оянып...*
*Еламандай Ерге еліктеп өстік біз,*
*Ақбаладай аруларды аядық...*

*Қабағына қарататын қоғамды,*
*Сүйеу болар Сүйеу қарттар жоқ әлгі..*
*Тәңірберген күшін әлі көрсетіп,*
*Біздің билік Судыр Ахмет боп алды...*

*Өмірге бұл өте қатал сұрағы,*
*Календейін қаранарлар шыдады...*
*Тіліміз бен ділімізге обыр боп,*
*Шодыр* біткен шодырайып жүр әлі...*

*Мұз үстінде ажал болып әр адым,*
*Балықшылар аулағанда тамағын,*
*Толқындармен алысса да таппаған,*
*Алтын балық сыйлады Алтын қаламың.*

*Ұлықтардың ұлтсыздығын ұқпадың,*
*Тіреу болды Тілді қорған шыққаның.*
*Кері итеріп кеше Кеңес көсемін,*
*Желтоқсанның ызғарынан ықпадың.*

*Арыныңнан Арал толқып ырғала,*
*Тілеуіңді тілеп бүкіл тұр Дала.*



*«Жүзге жет!»-деп, желпінсем мен, жекисің,*
*«Бес-ақ жылды берді ғой» деп «бұл бала....»*

*Дүниені дүбірлетіп әр ізің,*
*Орындадың ұлттың «Соңғы парызын»*
*Ел алдында енді жоқ қой қарызың.*
*«Еламан» деп Ердің атын қойғандай,*
*Ел аманда - Сен амансың, Абызым!*

Әбең жылы жымиып, қолымды қысып, ризашылығын білдірді.

Әбеңнің тоқсаннан асса да қайраты әлі қайтпағанына 2017 жылы өзім куә болдым. Сол кезде біз, ұлт зиялылары Мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдау үшін Қазақстан Президентіне Ашық хат жариялаған едік.

Сол Ашық хаттың мәтінін көрсетуге көрнекті жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Смағұл Елубай екеуміз Әбеңе келгенбіз.

Әбең жасы тоқсанның бесеуіне келсе де біз апарған хатты асүйінде шәй ішіп отырып, көзілдіріксіз оқыды... Біраз жерін, түзеді.

Ертеңіне тағы бардық Смағұл көкем екеуміз. Тағы түзеді. Ашық хаттағы қаламгерлердің ретін түзеді. Өзі қатты құрметтейтін Дулат Исабековты өзінен кейін екінші етіп қойды. «Асанәлі неге жоқ?» -деді маған қадала қарап. Ол тізімде Асанәлі Әшімов ағамыздың болмағанына тап бір мен кінәлі секілдімін. «Асанәлі ағамыз қол қоя ма екен?» - дедім мен дүдәмал күйде. «Қояды, «мен айтты» дегін. Академик Камал Ормантаевқа да қойдырыңдар» деді дауысын нықтап. Сонымен, сол күні түнде Камал ағамыздың үйін іздеп жүріп тауып алып, қолын қойдырдым. Сөзге келмей бірден қолын қойып берді ол кісі. Академик Төрегелді Шарманов ағам қатты қолдап, қуаттап тұрып қол қойды. Асаналы Әшімов ағамның да қолын қойдырдық, Әбеннің сәлемін салмақтап айтып, біраз еңбек сіңіріп жүріп...

Әбеңнің сәлемін салмақтап жеткізіп, «Қазақтың тілін сіздер қорғамасаңыздар кім қорғайды?!»деп айтып, біраз еңбек сіңіріп жүріп...

Үшінші күні Смағұл «енді өзің бара бер» деді. Бардым. Тағы түзеді. Есіме ол кісінің шығармаларын түзей беретіні туралы әңгімелер түсті. Қара шал қатайып алған. «Мына жерін неге былқылдатып, жұмсартып жібергенсіңдер? Сенің ондайың жоқ еді ғой? Оны кім жазды? Смағұл ма?» — дейді маған шаншыла қарап. Ойпырмай, менің жазғандарымды оқып жүреді екен ғой деп қоямын ішімнен марқайып.

«Әбең түзей береді, «жөндедім» деп, өзің дұрыс деп тапқаныңды жариялай бер»-деді Смағұл көкем күшті кеңес беріп.

Әбеңе барып жүрген сол кезде тарлан жазушымыз өткенде Смағұл ағамыз айтқан әйгілі сөзін айтқан еді. Иә, ол сөз 2021 жылы 17 шілдеде Алматыда депутаттық жұмыс жоспарыма сай Қазақстан Жазушылар одағында көрнекті жазушы-драматург Дулат Исабеков бастаған бір топ зиялы қауыммен, шығармашылық одақ өкілдерімен кездесуде айтылған болатын. Енді сол кезде «Қазақ үні» газетінде жарияланған Смағұл Елубай ағамның өзінің сөзін келтірейін:

«Бұдан үш жылдай бұрын Қазыбек Тіл мәселесін қолдауға байланысты дүбірлі бір қозғалысты бастады. Ол, шынтуайтында, Тіл майданы еді. Бәріміз сол күреске дайынбыз деп жаппай қол қойдық. Ту ұстаушымыз Қазыбек Исаның маңайына шоғырландық. Қажет болған жағдайда, Мемлекеттік тіл үшін алаңға көшеге шығамыз деп шештік. Тоқсан бес жастағы Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өзі «Тіл үшін алаңға шыққан елдің ең алдында мен жүретін боламын» деп шириқты. Сөйтіп, әлгі хатқа бүгінде 126 мың белсенді адам қол қойды. Ал оның сыртында белсенді емес миллиондаған қазақ тұр ғой!»-деп толғап, толғанып сөйлеген еді Смағұл ағамыз.

Иә, Мемлекеттік тілді талап етіп, Президентке жазылған Ашық хатқа еліміздің әлемге әйгілі тарландары Әбдіжәміл Нұрпейісов, Дулат Исабеков, Асанәлі Әшімов, Қабдеш Жұмәділов, Өмірзақ Айтбаев, Мекемтас Мырзахметов, Төрегелді Шарманов, Камал Ормантаев, Нұрғали Нүсіпжанов, Төлен Әбдік, Амангелді Айталы, Смағұл Елубай, Сәбит Досанов, Ғаббас Қабышев, Темірхан Медетбек, Бексұлтан Нұржекеев, Исраил Сапарбай, Ұлықбек Есдәулет және т.б. бастаған ұлт зиялылары қол қойды. Конституциядағы орыс тілі туралы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап еткен бұл Ашық хатқа «Қазақ үні» ұлттық порталында бүгінде 126 мыңнан астам адам қол қойып, қолдап, бұрынғы межелерден 1000 еседей көп тарихи рекордтық деңгейге жетіп отыр. Ұлт мүддесі үшін бұрын мұншалықты қалың қол жиналған емес. Бұлар тек интернетке қолы жеткендер ғана. Бұл біржарым айда ғана 125 мыңнан асқан Ел патриоттары артында смартфон пайдалана алмайтын миллиондаған халық тұрғаны айқын. Бұл қалың қол ішінде тек қазақтар ғана емес, әртүрлі ұлт өкілдері де (50-ге жуық) жеткілікті. Белгілі журналист, қоғам қайраткері Максим Рожин бастаған көптеген орыс ұлты өкілдері де Мемлекеттік тілді талап еткен Ашық хатты қолдап, қол қойып, нағыз отаншыл патриоттықтарын көрсетті.

Яғни, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау күн тәртібіндегі күннен-күнге күшейіп келе жатқан ең басты өзекті мәселе болып тұр. Сондықтан да «Қазақ үні» порталында бұл Ашық хатты 1 миллионға жуық адам оқып, 2000-нан аса пікір жазылып, қолдау білдірді.. Әлеуметтік желілердегі қаптаған қолдаушылардың санын есептеу мүлде мүмкін емес.

126 мың адамның қолы қойылған Ашық хат Президент әкімшілігіне, Акордадағы санаулы ұлт қайраткерінің біріне ұлттың Аманаты ретінде тапсырылған болатын. Ол ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың қолына тиді ме, тимеді ме белгісіз.

Егер қолына тисе, сол Ашық хатқа өзі біріншi болып қол қойып, жасы жүзге таяған шағында қазақ тілі үшін алаңға шығуға дайын отырған Әбдіжәміл Нұрпейісовпен бірге қан майданды кешіп келген, қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаған қаламгер, кемел жазушы Кемел Тоқаевтың президент ұлы артында миллиондар тұрған халықтың Ашық хатына назар аудармауы және нәтиже шығармауы мүмкін емес деп ойлаймын.

Бүгін 22 қазан — толағай 97 жасқа толған Алаш абызы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туған күні!

Кешегі Қазақ Халық Ассамблеясы жиынынан қазақ қайрандап қалғанда, дәл бүгін туғанынызға дән ризамыз Әбе! Өйткені, құттықтаймыз деп, жырымызды, мұңымызды айтып қалдық. «Қан мен тердің» авторына Жан мен Шерді ағыттық.

Құдай қаласа, енді екі-үш жылда Жамбылдың жасы, Жүз жастың жүзі көрініп қалар деп тілеп отыр еліңіз.

Ұлттың мүддесі жолында тоқсан бесінде де топ жарған толағайымыз, Алаш аузына қараған абызымыз Әбе, құдай сізге қуат беріп, Алла жар болсын!

Біздің биліктің пиғылына қарағанда қайратыңыз қайтпай, Қазақ тілінің Тәуелсіздігі үшін қай кезде де алаңға бастап шығуға дайын болыңыз!

Біз бәріне де дайынбыз!

**Қазыбек ИСА**
*Қазақ үні*

№42 (964) 1.11.2021 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

***Төменде ұсынылып отырған естеліктің авторы – көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаев та, жазба кейіпкері – қазақтың айтулы лирик шайырларының бірі Ізтай Мәмбетов те бүгінде о дүниеде. Мұндай ардақтылардың есімін ұрпақ санасында дүркін-дүркін жаңғыртып отыру – ең қастерлі міндеттердің бірі болса керек. Яғни, тірілерді «өлтіргеннен» гөрі, өліні «тірілту» әлдеқайда сауапты іс. Оның үстіне өз дәуірінде ұлт руханиятына қисапсыз олжа салған Мұзағаңдай қалам шеберлерінің жазу үлгісінің өзі кейінгі жас буынға таптырмайтын мектеп деп ойлаймыз.***

# ІЗТАЙДЫҢ өшпес

***Дүниеге ез келіп те ер келіп,***
***Жатыр бірдей ақ бесікте тербеліп.***
***Аңғарылар айырмасы ақырғы –***
***Кетерінде қасиетті жерге еніп.***

**(І.МӘМБЕТОВ).**

Студент Ізтай Мәмбетовпен 1950 жылдар басында таныстым білем. Кертпеш танау, келте мұрынды, өткір көзді, шапаты денелі, шалт қимылды бірақ, биязы мінезді сыпайы жігіт өлеңін алғаш «Пионер» журналына әкелді. Қысылып, терлеп-тепшіген де жоқ, омыраулап өлермендік көрсеткен де жоқ. Көргенділік, табиғи жарасымды қылықпен, орынды сөздермен бұйымтайын білдірді. Әкелген өлеңін маған ұсынды. «Пәленше ағай, түгенше профессор сізге барып жолық деп еді», – сияқты мият іздеп митыңдап жүретін мырқымбайлардан тіпті бөлектігін аңғартып, өзіне сенімді әлпет танытқандай еді. Өлеңі ұнап кетті, себебі, оқиғалы, әрі ықшам, әрі бала ұғымына орайлас өрнекті де жеңіл екен. Ізтай өлеңі «Пионер» журналында жарық көрді.

Бауырласымның, әсіресе, бастапқы қадамдарында шығармашылық лабораториясын өз көзіммен көрген куәгерлердің бірі болғандықтан осы жайында да айтқан жөн.

Ізтайды ара тәрізді еңбекқор ақын дегеннен гөрі, алғыр ақын деу лайық сияқты. Оның сағаттап тапжылмай омалып отырып, сарылып-сарғайып жыр жазғанын көргем жоқ.

Бірде мен:

– Өлеңді қалай жазасың? – деп сұрадым.

Ол айтты:

– Мен ойымда ешқандай идея жоқта да үстел басына отырамын да, бірден өлең жазуға кірісемін. Идея да, оны кестеге түсіретін суреттеме құралдар да сол жазу үстінде табылады. Кез келген тақырыпқа солай жазамын және жаза аламын...

Меніңше, іштей ізденіс деген болады. Ізтай да күнібұрын қилы-қилы құбылыс жайында іштей ізденген, сан толғанған. Қаламды қолға алған сәттерінде көкейдегі көркем ойлар қопарыла келе, қаламға оралатын болғаны ғой.

Содан да сырт көзге Ізтай қиналмай-ақ өлеңді құя салатындай көрінетін. Шынында, ол шиыршық атып, шыбынын шырқыратып, асылды қинала жүріп әзер табатын.

1950 жылдардың бас кезінде алғашқы жинағын дайындар алдында ол бүгін жазған өлеңдерін ертеңінде таңертең маған әкелетін. «Тұңғыш» деп аталатын жинақ осылай туған.

М.Исаковский, Ш.Петефиден аудармалары осылай дүниеге келген...

«Тапқыр ақынды тақырыптың өзі іздеп табады» деген сөз бар. Мәмбетов мәнін ашып, мәйекті қырлаған тақырыптар жайында да осыны айтуымыз әбден әділ. Махаббат жырлары, табиғат сырлары, интернационалдық бауырластық – осы үш салада Ізтай өте-мөте шоқтықты ақын!

Ізтай анасынан ерте айрылып, өгей шеше қолына қарап өскен. «Адам баласына әу деп құлаққағыс сөз қатпайтын момын кісі» – дейтін. Өгей шеше деген аты болмаса екінші анасындай еміріне білгенге ұқсайды. Ізтайдың ең асыл жырларының бірі сол тумаған шешеге арналған. Сай-сүйегіңді сырқыратардай шыншыл жыр.

Жетім өскен деуге еш келмейтіндей Ізтай жетелі, көргенді, тәлімді, адамгершілігі мен азаматтығы асқақ жігіт еді. Ұсақтықтан, күйкіліктен, қараулықтан, арамзалықтан, опасыздықтан, қызғаныш-күншілдіктен, өсек-аяңнан, жала-жәбірден атымен ада азамат еді.



Ширек ғасыр бойында бір шәй дескен пенде емеспіз. Ол іні боп еркелей білетін. Осыншама жылдық ішінде менің аузымнан шыққан сөздің, өзіне сеніп айтқан сырларымның Ізтай тарапынан шашау шыққанын білсем бұйымасын. Сол сияқты, өзгелердің мен жөнінде қиястықпен айтылған қисық сөзін маған айтып келгенін де естіген емен.

Жалпы, ол шабаншардақтарша шағым айтуды білмейтін.

– Пәленнің түгендей томы шығып жатыр, пәленше мендей-ақ қой, дәрежеге ілігіпті, түгенше соншама мың сом қаламақы қайырыпты, – деген сияқты іштарлық, күншілдік, бір сөзбен айтқанда, пендешілік мінез көрсеткенін атымен көрген емен, естіген емен.

Бірде бір бастық қатты ренжіткен екен, қызмет бабында... Соған жаман жәбірленсе керек. Жалғыз-ақ сол жөнінде шүйіле сөйлегенінің куәсі болдым:

– Қатынын жасқай алмай жүріп қауымды басқармақ, миғұла мыртық неме! Өтірік ыржияды өзі оңаза, ішмерез!..

Бар айтқаны – осы. Алайда сол бастықтың атын Ізтай маған атаған да жоқ. Сол бір сөйлеммен ішін босатқандай болды да, әңгімені басқа арнаға салып жіберді, сонымен тынды!

Ізтай мектепте де, университетте де үздік оқыған, үздіге тоқыған. Мен оның әр алуан әдебиеттерден жазған конспектілерін шолып көрдім: мазмұнды, толық, ұқыпты, таза. Тек соған қарап-ақ болашақ ақынның мол білім алуға жасынан құштарлығын аңдауға болатындай.

Қолжазбасына да ұқыпты еді. Жаңа өлеңдерін жаңғырта көшіруге де жалықпайтын. Жасынан жақсы ортада – ақын-жыраулар өлкесінде өскен Ізтай халық жырларын, аңыз-әңгімелерін көп білетін. Және соларды орынды жерінде өз сөзіне кіріктіріп, ойын көріктендіріп жіберуге де оңтайлы болатын.

– «Менің атым Матай сал,
Өз атыңды атай сал»... –

Қандай қарапайым! Қандай өр! – деп тамсанатын еліккіш ақын...

1952 жылы ғой деймін, Ізтай студент жолдастарына еріп, Талдықорған жаққа барып келді. Бір мұғалімнің қолынан «Құлагер» дастанын оқыпты. Ілиястың жауһар дүниесінен талай шумақтарды жаттап алыпты. Маған ауызша айтып берді.

Алып ақынның атын естігені болмаса, затын білмейтін Ізтай елтігендей хал кешіп жүргені есімде. Асылды бағалауға да асылдық керек қой, Ізтайдың тамсанысы тегін емес-ті.

Мәмбетов Ізтай мансап, лауазым, атақ-даңқ дегендерге ден қойған жан емес, ондайға елең еткен жан емес, одақтың республикаларға сайланып барып қайтып жататын делегациялар құрамына Ізтай бір-ақ рет қосылды. Ұмытпасам, 1956 жыл. Күз. Ғабит Мүсірепов бастаған қазақ қаламгерлері Қырғызстанда әдеби апталық өткізді. Кейін 1959 жылы мен қырғыз жазушылары аузынан естідім, Ізтай оларға өрнекті, ықшам өлеңдерімен, табан астында тауып айтқан әзіл-қалжыңымен, кішпейілділігімен қатты ұнапты. Ізтай да Қырғызстаннан жаңа достар тауып қайтты.

Бір цикл өлеңмен оралды:

Куәсіндей ниеттің,
Күні шуақ бұл күздің.
Жылуындай жүректің,
Құшағындай қырғыздың...

Өзі даңғайыр ақын, даңқты аудармашы бола тұра, Ізтай көзі тірісінде сыншылар тарапынан «Е, бәрекелдіні!» көп естіп, құшақ-құшақ қошеметке де ие болған жоқ. Ол жөнінде етектей-етектей мақала да жазылған емес. Әбділда Тәжібаевтың 1960 жылы жарық көрген «Өмір және поэзия» атты кітабында І.Мәмбетовтың бірер өлең-жыры арнаулы сөз болғаны есімізде.

Тамаша талант творчествосын біршама қомақтылау қарастырған жалғыз еңбек Ғафу Қайырбековтің Ізтай Мәмбетов таңдамалысына жазған алғысөзі (1967). Жасы құрдас, жаны жалғас досы Ғафу бірталай пайымдауларын ортаға салғанымен, Ізтай творчествосының барша жақсылығын түгел қамти алмайды.

Қазақ әдебиеті тарихында үлкен ақынның өзіне лайықты орны анықталуға тиісті.

***

Ізтай әзілге де дөйдір, жүйрік еді. Ақынның ауызекі шығарған күлдіргі өлеңі де көп. Жастық желік жылдарында сері атанған пері жылдарында ақын ауызша айтып, тарап кеткен шумақ өлең қай түкпірге жетпеді дейсің:

Көкбазар арақ-сыра дариясы,
Секілді бір өзінде жан ұясы...
Ортаңнан алшаң басып мен бір
өтсем,
Басталар милиция ариясы...

Тағы бір естелік бар.

1953, әлде 1954 жылы көктемде бір топ ақын Қаскелең еңбекшілерімен кездесуге барады. Түнде бір үйге қонады. Азанда сусап оянған Ізтай шөлмектен арасан суын құйып алып, шөлін баспаққа ауызға ала берген екен, Сырбай шыны-аяқ шылдырынан оянып кетіп көзін ашса, әлгі көріністің үстінен шықпай ма! Ағасы інісіне қапелімде өлеңмен тіл қатады:

– Қарағым, айналайын,
ақтөбелік,
Қолыңдағы сусынды
қақ бөлелік...

Сонда Ізтай стақандағыны бөліп құйып жатып:

– Біреуге көп, біреуге
аз құйылса,
Өкініп, соған бола,
«Қап!» демелік, –

депті. Сыраған інісін беттен сүйіп алыпты.

Тағы бір эпизод. Ізтай ресторандағы түскілік үстінде бір жүз грамнан арақ алдырған екен, қасындағысы сыпайысынып сызыла қалып, қолындағысын орталап ішіп қана столға қайта қойыпты. Ізтай:

– Мынауың не?! – десе, анау тұрып:

– «Ат аунаған жерде түк қалар» – депті.

Сонда Ізтай:

– А-а, ендеше, айғыр аунаған жерде түк те қалмайды! – деп, рюмкасын төңкере салыпты.

Мен үйленгенде Ізтай күйеу жолдас боп барды. Қалыңдықты алып, Есіктен Алматыға құйғытып келе жатқанбыз. Онда Құлжа жолының жаңа кеңейтіліп, асфальттанып жатқан кезі еді. Бір көпір үстінен өте бергенде аударылып, аунап түсе жаздап әзер қалдық. Шайқалақтап барып оқыс тоқтаған машинадан шофер жақтан түсіп жатқан Ізтай:

– Ойпырмай, қатын алмай жатып қыршынымнан қиыла жаздадым-ау! – дегені. Осыны ұзақ жылдар Ізтайдың өзіне айтып күлуші едік.

Ізекеңнің эпиграммалары да удай болатын. «Тоқаш Бокин» трагедиясы жазылғанда Зейін Шашкинге зорлықпен қосалқы автор болып алған бір режиссер жөнінде шығарғаны қандай дөп, қандай уытты еді...

Бірде Ізтай:

– Біздің Кәмшат суретті қатырып салады. Маған «Балдырғанға» суретімді апарып берейікші! – деп қиылды. Мұзаға, бір-екі суретін әкелейін бе? – деген.

– Әкел.

Арада бірер ай емес, жарты жылдай уақыт өтіп кетсе керек. Мен:

– Қызымыздың салған суреті қайда? Неге әкелмейсің? – деп ем:

– Біздің Кәмшат суретті жазда салмайды, қыста ғана салады! – деді Ізтай.

***

Қалың топ, алқа-қотан әлеумет алдында ащы айқайға басар әнші атанбаса да Ізтай жеке отырыстарда, үй-ішілік бас қосыстарда, дастархан басында әжептәуір домбыра тартып, ән де шырқайтын. Оның ең сүйікті әні Сарының әні еді. Әнші, сері, батыр Сары өмірін баяндап кетсе, біртүрлі елігіп, толқып, өзін-өзі ұмытқандай болатын. Ол бертінірек «Сал Сары» атты тартымды дастан да жазғаны содан... Қайта-қайта қолқалап, Ізтайға айтқызатын әннің аты «Есегім айдай» еді. Өзі Сыр бойының күлдіргі әні. Ініміз әлгі әнді өзі де қуақылана, құбылта, құлпырта орындайтын.

Жәбір-жапашылдарға, қиянатшылдарға, омыраусоқ өктемсінгендерге, өтірікшілерге Ізтайдың жұлдызы қарсы еді. Сүмірейіп, мүсәпірсіп жүріп,

сыбаға тартқыштарды да суқаны сүймейтін.

Ізтайдың әу деспеген тату достары аз емес еді: Қалижан Бекқожин, Айқын Нұрқатов, Баламер Сахариев, Әнуарбек Дүйсенбиев, Сағи Жиенбаев, Қуандық Шаңғытбаев, Қалжан Нұрмаханов, Ғафу Қайырбеков...

Ойын-жиындарда, той-томалақтарда жігі ажырамай жымдаса жүретін біздерге өзгелер қызыға қараушы еді.

Табиғатынан аңқылдаған аққөңіл, аққөйлек Ізтай Мәмбетов жастайынан жоқтықтың тауқыметін көп тартқан.

– Университетте оқып жүргенімде жалаңаш етіме сыртымнан күпәйке киіп, мойнымды қыса жауып тұратындай тамақ түймесін салып сабаққа тартқан күндер үш-төрт жылға созылды, – дейтін Ізтай. – Стипендия жетіспейді. Үйінен қаражат келетін жолдас-жоралар қарайласпағанда оқуды тастап кетуім ғажап емес еді... Төртінші курсқа іліккен соң көзім ашыла бастады, қаламақыға қолым жете бастады. Жағалы көйлек, жақсы галстук, педжак пен шалбарға да ие болғанымның өзіңіз куәсі болдыңыз ғой...



# іздері

Міне, содан да Ізтайдың қолы ашық еді.

Басқаға қылдай қиянаты жоқ Мәмбетов біреуге әсте ұрынуды білмейтін, ол қорғаныстың жауынгері ғана болатын. Осыған орай, бірнеше эпизод ойға оралып отыр.

Бір күні Айқын, Қалжан, Баламер, Ізтай төртеуі «Алматы» ресторанына тамақ ішкелі барады. Қабырғаны қапталдай қойылған орта тұстағы столдың біріне жайғасып, дәм ішіп отырады. Көрші үстелдегі шүңейт көз, қоңқақ мұрын біреу біздің жігіттердің қаламға қатысты адамдар екенін аңдап қалса керек, қарадан-қарап отырып сөзбен ұрынады, далалықтың намысына тиер сөздер айтады, тілімізді жамандайды...

Олар да төрт жігіт екен. Сойдауылдай-сойдауылдай төртеу. Әлгі сөзді құлағы шалып қалған Ізтай орнынан ұшып түрегеліп барып, әлгі қисық сөзді қырсықтың галстугінен сол қолымен шап береді де, оң қолымен астыңғы тілін тарта қояды. Сөйтіп, жігітті қылғындыра тік көтеріп алады да, сол бойымен апарып, қарақұстан қабырғаға сарт еткізіпті. Сөйлеуге шамасы әзер келген әлгі бейшара:

– Мен әзілдеп едім, – депті.

Сонда Ізтай:

– Бұл да менің әзілдегенім, – депті де, орнына қайта кеп отырыпты. Сазайын тартып, сазарып орнында қалған жігіт ешкімге шағым айтып мәу демепті.

– Осының бәрі қас пен көздің арасында болды, Ізтай да бізге ләммим демей, ештеңе болмағандай, жайраң қағып, алдындағы құйылған рюмканы біздің қолымыздағылармен соғыстырды да, өзі көтеріп қойды, – дейтін Айқын марқұм сүйсіне сөйлеп.

Ізтайдың намысшылдығы жоян еді!

Бірде Баламер мен Ізтай Жазушылар одағынан шығып, ҚазПИ-ге бір жиналысқа барады. Шығар ауызда гардеробтан плащтарын алып киініп жатқанда, Баламердің бір танысы жолығып амандасып, Ізтай жақты иегімен нұсқап:

– Мынауың кім? – дейді.

– Қатын болмасаң, қайта айтшы әлгі сөзіңді! Немене менің әкем сен бе едің, «мынауың» деп неге айтасың, кеңірдегіңді суырып қолыңа ұстатайын ба?! – деп таяй бергенде, анау жігіт тайқып шығыпты:

– Мен, мен... байқамай, байқамай!.. – депті.

– Е, бәсе! – депті Ізекең...

Ізтай орта мектепте де, университетте де бокспен шұғылданған екен. Шапаты дене бітімі түп-түгел шойыннан құйылғандай шыпшымыр еді. Қимылы қашанда шалт, көңіл-күйі қашан да шат. Менің көз алдымда әманда осындай өр, өжет, оңтайлы кейпінде тұрады.

Оның өлең жазғаны қызық еді. Ондай ұшқыр ақынды мен кездестірген емен... Кез келген тақырыпқа кез келген орында өлең тудыра алатын. «Пионер» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында қызмет істеп жүріп осыған талай көзім жетті. Бір ғажабы ол кез келген газет-журналдың заказын орындай бермейтін...

Ізтай балаларға арнап талай дүние тудырды. Әрі солардың дені нағыз баланың дүниесі. «Пионерде» мен қызмет істеп жүргендегі өлеңдері өзіне баска. «Балдырған» журнал болып ашылған жылдан бастап, Ізтай біздің бұйымтаймызды бір рет те тәрк етіп көрген емес-ті. Өзгелердің қолынан келмес-ау деген тақырыпты Мәмбетов өз оңтайына көндіргіш-ақ болатын. Мәселен, оның Отан соғысының даңқты батыры Бауыржан Момышұлы туралы октябряттарға арнап біздің бұйымтаймызбен жазған өлеңі қандай көркем, қандай тартымды! Мектеп шәкірттері жаттап, тақпақ қып сахнадан оқығанының талай рет куәсі да болдық; сол өлеңді әдейі келтірейін деп отырмын:

**МЕНІҢ КӨРШІМ**

Мен тұратын зәулім үй
Таңдандырды талайды.
Өткендердің бәрі ылғи,
Мақтанышпен қарайды.
Мұнда жұрқа әйгілі
Менің батыр көршім бар.
Жолықса да қай күні,
Жақсы көріп жөн сұрар.
Көршім аты – Бауыржан,
Қорғаны – ел бағы.
Қорықпайтын дауылдан,
Батыр болам мен-дағы.

Немесе «Тау-суы» деген сегізақ жолдың бір шумағындағы суретке көз салайықшы:

Көктемді іліп алып,
Түседі тау басынан.
Күледі шығып алып,
Әр үйдің ауласынан.

Профессионал қазақ ақындарының ішінен алғашқы әрі әдемі санамақ жазғандардың бірі де – өзіміздің Ізтай.

Ізтай татарша жапжатық сөйлейтін, татар көрсе үйіріле қалатын, татар кітабын оқығысы келіп құлшынып тұратын. Ол әсіресе, һади Тақташты ерекше ұнататын, өлеңдерін жатқа айтатын. «Нәни разбойник», «Сукин сын» атты өлеңдерін айтатын еді. Тақташтың бір томдығын Алматыдағы кітап дүкенінен ұшыратқанымызда қандай қуанып еді. Рухы ұқсастар оңай ұғысады демекші, Ізтай өлеңдерінде һади өрлігі мен асқақтығын аңдау қиынға соқпаса керек.

Елуінші жылдар басында еркелеп жүріп, мені «Мұзаға» деп кеткен Ізтай кейінірек татарша «Аби» (аға) дейтін болды.

Біздер үлкеніміз де, кішіміз де Мәмбетовті арқадан қаға «Ізаға» дейтінбіз.

Біз ғұмыр бойы ұқсасыпжарасып өттік. Мен бүгін арттағы алыс жылдарға ойша оралғанда тағдыр табыстырған Ізтайымның аруағына алғысымды бағыштаймын...

Мен оған талай өлең де жаздырдым. Орыс тілінен талай туындыны тәржімалатып та көрдім. Көзінше аударма жасап көзегенім де есімде. Алғыр жігіт аузыңнан шыққан пайдалы кеңесті қағып-ақ алатын. Біреуге үйретсең өзің де бірдеңе үйренесің демекші, мен інімді баулу мақсатымен бірнеше поэманы бірге аударысуға әдейі шақырып, тізе түйісіре отырып, тәржімалап көрдік. Шота Руставелидің Николай Заболоцкий аударған «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасынан үзінділер. Зинаида Александрованың «Көйлек» дастанын Белоянниске арналған бір татар ақынының ұзақ балладасын, Ю.Яковлевтің Грузин гүлі жанындағы дастанын аударып бастырғанымыз ұмытылмайды. Рас, бұларды кейін екеуміз де әдеби активімізге қосқан жоқпыз.

Бірақ солардың шығармашылық ілгерілеуімізге баспалдақ болғаны сөзсіз.

...Баспа студенттерге сеніп, классиктерді бере қоя ма?! Ол тұста тұңғыш кітабым («Қарағанды жырлары» – 1952) жарық көріп, әрі коллективтік жинақтарды аударуға белсене араласып жүрген маған зәуде бір дербес сыбаға тиіп қалатын. Осындай жолмен баспа маған Михаил Исаковскийдің өлеңдерін аударуды тапсырды. Мен ініммен бөлістім.

Ізтайдың жеке аударғандары да бірталай. Бір-екі өлеңді кеуде қосылып та қазақшаладық. Мысалы, «Емен» деген өлең. 1980 жылы орыс поэзиясының антологиясы басылғанда, Мәмбетов тәржімалағандарының өзгеріссіз дерлік кіргізілуі көркемдіктің айғағы. Алайда, меніңше, Ізтайдың өз жинағы «Тұңғыш» кітап боп, қалың оқырман қауымға жетудің алдында оның ақындық қуатын әлеуметке таныткан бір топ еңбегі – Шандор Петефиден қазақшалағандары. Баспа венгр классигін аударуға менімен шарт жасасты. Ізтайға шүбәсіз сенгендіктен тең жартысын тізімдеп тұрып, аудар деп бердім. Ол шұғыл да өжет кірісті аудармаға. Менің пәтеріме аударғандарын күнде кешкіде алып келеді, маған оқиды, мен оған оқимын, түпнұсқамен салыстыра оқимыз, түзетеміз, түзетісеміз. Бірді-екілі өлеңді жарысып аударып көрдік. Олар Ш.Петефидің таңдамаларына да енді. Мәселен, «Қара бұлт».

Пушкиннің, мәселен, «Тілекті түгел тауыстым» дейтін өлеңін алғаш Ізтай қазақшалады, одан кейін талай ақын аударып та көрді. «Жұлдыз» журналы сол өлеңнің, қазақша аудармасына конкурс та жариялады. Мәмбетов аудармасының алабөтен озықтығына, өрнектілігіне көз жеткізу үшін автордың түпнұсқасымен Ізтай тәржімасын салыстырып оқыған ләзім:

Тілекті түгел тауыстым,
Арманнан бездім, түңілдім.
Азаппен үнсіз табыстым –
Сыйымен қуыс көңілдің...
Мінсіз өлең!

Мәмбетовтің Пушкин ғана емес, Лермонтовтың, Некрасов, Маяковский, Байрон, Гейне, Мицкевич, Брюсов, Блок, Бернстен, оның сыртында туысқан халықтардың үлкенді-кішілі ақындары шығармаларынан мәнерлеп аударғаны қаншама? Ендеше, Қазақ кеңес аудармашылары катарында Ізтай Мәмбетовтің үлкен өрелі орны бар. Болашақ аудармашылар, байсалды еңбек етуге белсене кіріскен жас талапкерлер Ізтайдың өнегелі, өрнекті тәжірибесін аттап өте алмасы аян. Бұл салада да ол нағыз зергердің өзі еді!

Әрбір шынайы ақын артынан ілескен ұрпаққа – жас қаламгерге жақсы ұстаз, тәлімгер. Талантты ақын Ізтай Мәмбетовтен тәжірибе ауысып, тағлым алғандар шындап санасақ, біраз сап құрары да қалтқысыз шындық. Құрбылары «Қара ұста» деп те атаған Ізтайды сонау алпысыншы жылдар қапталдап жүретін қара балалардың бірсыпырасы, қазақ қаламгерлері катарына қосылып, өздері аға атанып та үлгерді... Тың толқындар алмасып өрге ұмтылды. Соған шүкір ана!

***

Шапаты бойлы шынайы ақын екі көзінен ұшқын атып, енді ғана мінбеге көтеріліп, өзінің жалынды өлеңдерін оқи жөнелетіндей. Өйткені, Ізтай ақын өз ортамызда!



**Мұзафар ӘЛІМБАЕВ.**
*1992 жыл.*

№42 (964) 1.11.2021 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Казах из Эстонии Валерий Жумадилов привлек к себе внимание 9 лет тому назад, когда после 50 лет начал не только участвовать в мировых чемпионатах в категории Masters (ветераны спорта и любители), но и ставить рекорды и занимать призовые места. Возможно, будь Валерий Жумадилов профессиональным спортсменом, который с молодых лет занимался спортом и был известным с давних пор, то эта новость не вызвала бы такого интереса. А тут неизвестный доселе «любитель» опережал ветеранов спорта! При этом достижения стабильно и неуклонно шли верх, будто это был молодой спортсмен в начале своей карьеры, а не новичок в возрасте, и Жумадилов стал совершенствовать свое мастерство, технично отодвигая предыдущих чемпионов.**



## Валерий ЖУМАДИЛОВ:

# НАДО ПЕРЕНИМАТЬ ОПЫТ ЕВРОПЫ В ЛЕГКОЙ АТЛЕТИКЕ

После 50 лет нашел свою дистанцию – бег на короткие дистанции, где достижения говорили сами за себя – чемпион России, Белоруссии, стран Балтии в спринте в категории Masters – старше 50 и старше 55 лет, серебряный призер чемпионата Европы 2018 в Мадриде, финалист чемпионата мира 2018. Автор девяти национальных рекордов в спринтерском беге.



Кстати, этот феномен «не может быть!» стал основой формирования Валерия как блогера: чтобы показать и доказать «неверующим», как в 50 лет всего за пару недель тренировок вышел на приличный результат (120 кг штангу жмет 5 раз, отжимается 100, подтягивается 20 раз, делает круговые тренировки, не говоря о пробежках), снял видео и выложил его в открытый доступ. В итоге через несколько лет видеоблог Валерия Жумадилова обрел популярность, набрав 208 тысяч подписчиков.

На своем канале Валерий публикует отчеты о тренировках, советы по бегу, технике бега, силовой подготовке, питанию, профилактике спортивных травм. Всеми способами мотивирует заниматься фитнесом, бегом, на своем примере доказывает, как спорт и фитнес улучшили качество его жизни.

Тем самым пропагандируя не только легкую атлетику, но и здоровый образ жизни, сбалансированное питание и, главное, бодрость и оптимизм, энергию и жизнелюбие, что чрезвычайно важно и нужно людям в возрасте.

Жумадилов своим примером показывает: никогда не поздно заниматься тренировками, спортом, легкой атлетикой, движение – основа жизни. Никогда не поздно найти свое хобби, свое призвание и даже смысл жизни. Никогда не поздно начать новую жизнь.

Большинство людей после 60 лет настраивается на спокойную, неактивную жизнь. Но только не Валерий Жумадилов – он планирует стать чемпионом Азии, улучшив рекорд Азии! В 60 лет планировать перспективу роста – это дорогого стоит, это качество настоящего бойца.

Свое 60-летие спортсмен отметил не только спортивными достижениями, но впервые провел отдельный чемпионат в категории Masters в Казахстане, в Павлодаре, 28-29 августа 2021 года. Хотя у нас подобные соревнования раньше проводились среди спортсменов старше 35 лет, но чемпионата не было.

Проведение этого чемпионата – это хобби, это общественная работа Жумадилова в Казахстане. Оказалось, своим хобби можно заразить целую страну – более 100 человек приняли участие, кто интересуется легкой атлетикой и здоровым образом жизни, и были установлены 20 национальных рекордов. Сам Валерий установил рекорд РК



в беге на 100 метров. А рекорд Казахстана в беге на 200 метров, который установил Жумадилов, выше рекорда России и Эстонии, в которых раньше фиксировались его рекорды.

И он реально продвигает легкую атлетику в РК: по мере развития этого движения участников станет больше, вовлекая новых спортсменов. Чемпионат проводится как мотивация, как цель тренироваться. Об этом говорит и мировой опыт: такие чемпионаты вовлекают множество людей. А в следующем году Валерий планирует провести зимние соревнования в легкоатлетическом манеже в Нур-Султане.

Если в своем видеоблоге Жумадилов выступает и как тренер, наставник, имея уже немалый опыт, наверняка сможет продвинуть легкую атлетику в Казахстане, собрать в одном месте энтузиастов.

Кроме спортивного значения, необходимо отметить и социально значимую особенность начинания Жумадилова. Если по примеру Европы у нас начнут массово заниматься легкой атлетикой, а государство будет способствовать и помогать этому, то, несомненно, улучшиться качество жизни казахстанцев, их здоровье и отношение к жизни.

А впервые о спортивной судьбе родины своего отца Валерий задумался в 2016 году, когда в Австралии на чемпионате мира он встретил единственного спортсмена из Казахстана на этом соревновании – Салтаната Туйтебаева. Тогда как от маленькой Эстонии, где миллион триста тысяч населения, в Австралии было больше двадцати человек.

К сожалению, это показатель неразвитости массового спорта в Казахстане и даже нездорового образа жизни. Ведь в Европе этот спорт более популярен, люди в возрасте ведут более здоровый и активный образ жизни, живут более качественно и долго.

В свой недавний кратковременный приезд в Алматы нам удалось немного поговорить с Валерием.

**– Валерий, слышали, что вы теперь выступаете под флагом РК?**

– Да, с января этого года я выступаю под флагом Казахстана на соревнованиях по легкой атлетике, в возрастной категории 60 лет (или Masters 60). Хоть я родился в России и живу в Эстонии, меня тянет в Казахстан. Мой отец Еркеш Жумадилов родом из Восточно-Казахстанской области с озера Зайсан, из края чабанов и рыбаков. У меня в Казахстане много родственников, двоюродных братьев и сестер, но в казахском языке ведь нет слова двоюродный. Есть только брат и сестра. И само по себе это хорошо. Меня за рубежом часто спрашивают, кто я по национальности, теперь таких вопросов не будет. С инициативой выступать за Казахстан я сам обратился в нашу федерацию и довольно быстро получил одобрение. Теперь у меня будет еще больше возможностей для выступлений, ведь передо мной открываются все соревнования, которые проводятся в Азии.

**– Уже выступали от сборной Казахстана?**

– 13 марта 2021 года в Торуне состоялся 30-й чемпионат Польши по легкой атлетике среди ветеранов. Я был представлен в категории M55 в двух дисциплинах – бег на 60 и 200 метров. Дистанцию 60 м пробежал за 8.05, а на 200 м показал результат 26.12, тем самым став победителем в обоих видах, а также установил рекорды РК в этих дисциплинах.



**– Как обстоят дела с массовым спортом в Эстонии?**

– В Эстонии материально-техническая база неплохая. Скажем, в Таллинне на 450 тысяч жителей есть три современных легкоатлетических манежа и пять новых стадионов, не считая небольших школьных, которые тоже все с хорошим тартаном. Много новых стадионов и манежей в административных центрах волостей, малых городах и даже селах. Соревнования у нас проводятся четко, спокойно и без суеты, никому не приходится подолгу стоять в очередях или нервничать из-за того, что переносят время старта и что-то перепутают в протоколе. В целом надо перенимать опыт Запада в плане приобщения к массовому спорту, здорового образа жизни, где с 1975 года проводят чемпионаты ветеранов спорта.

**– Как у вас было приобщение к спорту, к легкой атлетике?**

– Вообще это было самое начало 90-х, довольно интересное время, появилось много всего нового, новые возможности, новые увлечения. В те годы я изучал психологию, увлекался йогой, голоданием, закаливанием, бегал по утрам, отжимался, и когда ушел со службы, вернулся в Таллинн, продолжил эти занятия. Когда сыну исполнилось 8 лет, я отвел его на карате и, чтобы скоротать время, сам начал ходить в соседний тренажерный зал. Постепенно втянулся, почувствовал, как стали расти сила и силовая выносливость, полюбил занятия с железом. Так я и прозанимался пятнадцать лет любительским фитнесом, что стало моей базой для дальнейших занятий легкой атлетикой.

**– Любое сравнение хромает, однако приходит на ум деятельность Поль Брэгга, который занимался голоданием, спортом, закаливанием и т.д. Кстати, написал книги о своем методе. Что вы можете пожелать читателям?**

№42 (964) 1.11.2021 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

– Нужно постепенно привить себе несколько здоровых привычек. Отказаться от курения и чрезмерного употребления алкоголя, тем у кого есть эти плохие привычки. Привыкнуть к тому, чтобы просто с утра выпивать стакан простой воды, может быть с лимоном. Ввести в привычку больше двигаться и начать с ходьбы. Ввести в привычку регулярно ходить 3 раза в неделю по 40 минут. Но не просто неспешно гулять, а одеваться, как на спортивную тренировку и ходить быстро. Держать пульс примерно 110-120 ударов. Закончить тренировку и сделать подход на отжимание, подтянуться, покачать пресс и сделать растяжку. Если параллельно с этим начать контролировать свое питание и сон, то уже через месяц вы начнете замечать положительные изменения.

**– Это имеет непосредственное отношение к здоровью и долголетию.**







– Да. А если вести такой образ жизни годами, то у вас улучшаться все показатели здоровья, все анализы крови, сахар, холестериновый профиль, станет здоровее сердце и сосуды, укрепятся мышцы, связки и суставы. Снизится риск диабета и онкологических заболеваний. Вы вновь почувствуете себя молодым и полным сил. Тогда вы можете вернуть и спорт. Но даже если соревнования не являются вашей целью, здоровый образ жизни в любом случае принесет вам большую пользу. Ведь главное в нашей жизни - это здоровье, а остальное все приложится. Ведя здоровый образ жизни, вы почувствуете энергию для жизни, для работы, для семьи. Вы будете больше успевать и вообще преуспевать по жизни. Чего я вам всем и желаю!

**– Большое спасибо за интервью! Успехов в спорте и жизни!**

**Дастан ЕЛДЕС**

# ТОП-30 САМЫХ ЗНАКОВЫХ СОБЫТИЙ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

**Независимому Казахстану – 30 лет. Предлагаем вашему вниманию обзор наиболее знаковых событий в жизни страны по версии «Казахстанской правды».**

1. В 1991 году принят Конституционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан», состоялись первые всенародные прямые выборы Президента Казахстана.

Казахстан стал равноправным членом мирового сообщества. Появились условия для возрождения и развития культуры, традиций, языка. Республика вступила на путь экономического развития, внедряя в экономику рыночные отношения, основанные на многообразии форм собственности. В этом же году Казахстан закрыл ядерный полигон. Решение Казахстана о закрытии Семипалатинского полигона принималось, когда республика все еще была в составе СССР. Руководство страны столкнулось с серьезным противодействием со стороны советского военно-промышленного лобби, имевшего большой вес в принятии решений на союзном уровне. Тем не менее, проявив твердую политическую волю, 29 августа 1991 года Нурсултан Назарбаев издал Указ о закрытии полигона.

2. В 1992 году независимый Казахстан вступил в ООН.

Казахстан предпринял активные шаги на международной арене, начав интеграцию в глобальную политическую и экономическую системы. Совет Безопасности ООН на своем заседании 23 января одобрил Резолюцию о принятии Республики Казахстан в члены Организации. 3 марта 1992 года наша страна стала полноправным членом ООН.

3. В 1993 году введена национальная валюта, принята первая Конституция независимого Казахстана.

Успешное введение в 1993 году национальной валюты – тенге – стало важным экономическим успехом молодого суверенного государства. С этого момента Казахстан получил свою экономическую независимость и возможность строить свои финансовые институты. А Конституция 1993 года стала первой постсоветской Конституцией Казахстана, которая впервые реализовала стратегию становления суверенитета республики, продолжила социально-политическую стратегию на утверждение конституционализма.

4. В 1994 году была озвучена идея евразийской интеграции Нурсултана Назарбаева и получены гарантии безопасности от ядерных держав.

Важнейшим событием стало выдвижение Первым Президентом Нурсултаном Назарбаевым идеи евразийской экономической интеграции. Находясь с официальным визитом в Российской Федерации, он выступил в Московском государственном университете имени М. Ломоносова, где предложил создать Евразийский союз. В конце 1994 года три ядерные державы – США, Россия и Великобритания – подписали меморандум, предоставив Казахстану гарантии безопасности, обеспечения незыблемости наших границ.



5. В 1995 году принята новая Конституция, сформирован двухпалатный Парламент, создана Ассамблея народа Казахстана.

Первый Президент, выступая перед депутатами, назвал новый законодательный орган зарождением казахстанского парламентаризма в цивилизованном его понимании.

АНК в свою очередь обеспечила возрождение этнического самосознания и культуры народов нашей страны и объединила вокруг себя многочисленные этнокультурные объединения. Ассамблея образовала единую платформу управления этническими процессами, способствуя сохранению мира и согласия в казахстанском обществе.

6. В 1996 году произошел переход от спада к экономическому росту, состоялось первое Послание Президента народу, успехом внешней политики стало создание «Шанхайской пятерки».

Знаковым стал визит Нурсултана Назарбаева в КНР, где 26 апреля в Шанхае было подписано пятистороннее Соглашение об укреплении доверия в военной области в районе границы. Казахстан, Китай, Кыргызстан, Россия и Таджикистан стали той самой «Шанхайской пятеркой», которая стала предтечей создания Шанхайской организации сотрудничества.

В этот период была заложена традиция официальных Посланий Главы государства народу Казахстана. С первым из них Нурсултан Назарбаев выступил 7 октября, дав казахстанцам подробную картину сложившейся в стране ситуации и видение развития на перспективу.

7. В 1997 году состоялся переезд столицы в Акмолу, была принята Стратегия «Казахстан-2030», началась административно-территориальная реформа.

В этом году важнейшим для страны событием стал окончательный переезд столицы Казахстана из Алматы в Акмолу. Процесс передислокации вышел на финишную прямую в конце осени. 8 ноября на новое место перевезли государственные символы Республики Казахстан. А с 10 декабря в Акмоле начали работу Президент, Парламент и Правительство. За два месяца до этого произошло другое событие, которое сделало 1997 год особой страницей в летописи суверенного государства, – 10 октября была обнародована Стратегия «Казахстан-2030». Нурсултан Назарбаев рассказал казахстанцам, каким он видит будущее страны в долгосрочной перспективе и как к этому будущему прийти. Стратегическая программа очертила масштабную карту реформ и преобразований, наметила ориентиры развития на десятилетия вперед.

8. В 1998 году состоялась международная презентация новой столицы и был создан Совет иностранных инвесторов.

В этом году одной из главных новостей стало переименование столицы из Акмолы в Астану и ее международная презентация. Новая столица возводилась невероятными темпами. Только к презентации города здесь было построено 57 новых объектов. Также был проведен конкурс на разработку эскиз-идеи генерального плана развития столицы, в котором победил японский архитектор Кисе Курокава. В этот же год делается важный шаг в выстраивании диалога с иностранными инвесторами на принципиально новом уровне – создается Совет иностранных инвесторов при Президенте. Он призван способствовать улучшению инвестиционного климата.

9. 1999 год ознаменовался президентскими и парламентскими выборами, притоком иностранного капитала.

Этот год начался для казахстанцев с принятия очень важного решения – 10 января страна выбирала Президента, с которым она войдет в новое тысячелетие.

Впервые в истории суверенного Казахстана выборы проводились на альтернативной основе – в бюллетенях были представлены 4 кандидата. Народ свободным волеизъявлением доверил руководство страной Нурсултану Назарбаеву – за него отдано 79,78% голосов.

Год ознаменовался для страны серьезными успехами в экономике. Грамотная политика по созданию благоприятного инвестиционного климата сделала Казахстан лидером в регионе по привлечению прямых иностранных инвестиций – в 1999 году в экономику страны привлекли 8,9 млрд долларов иностранного капитала. Рост экономики составил 2,7%.

10. В 2000 году был создан Национальный фонд, принята новая Военная доктрина, начался Год поддержки культуры.

Казахстан сумел преодолеть мировые кризисы и не просто стабилизировал экономику, а перешел к этапу ее уверенного развития. Рост ВВП в 2000 году составил 8,9%.

Вместе с тем руководство страны не забывало о том, что «тучные годы» – лучший период, чтобы подготовиться к возможным осложнениям на рынке. Указом Президента создается Национальный фонд Казахстана, в котором собираются средства, поступающие из сырьевого сектора. Эта государственная «копилка на черный день» должна была снизить зависимость страны от негативных явлений в мировой экономике. В 2000 году в фокусе внимания находились и вопросы безопасности: принимается новая Военная доктрина, впервые за последнее десятилетие началось реальное увеличение финансирования армии. Весь 2000 год проходил в Казахстане под знаком поддержки культуры. В этом году в стране открыто 468 библиотек, 238 клубов, 5 театров, 5 музеев. На реконструкцию и ремонт объектов культуры затрачено более 3,5 млрд тенге. Масштабно празднуется 1500-летие Туркестана.

11. В 2001 году состоялись учреждение ЕврАзЭС, запуск Каспийского трубопроводного консорциума и создание ШОС.

Созданная в июне 2001 года на основе «Шанхайской пятерки» ШОС стала важным фактором региональной и глобальной стабильности, а ее авторитет снискал уважение многих государств, изъявивших желание стать полноправными участниками, наблюдателями и партнерами по диалогу. ШОС стала универсальной платформой, которая обеспечивает сотрудничество сразу по нескольким ключевым направлениям. Так, с самого начала сотрудничество в ШОС развивалось по двум ключевым направлениям: безопасность и экономика. При этом кооперация в сфере безопасности включает в себя специфические угрозы, такие как борьба с терроризмом, международной преступностью, а также взаимодействие в сфере кибербезопасности. В этом году был запущен КТК – крупнейший международный нефтетранспортный проект с участием Казахстана, России, а также ведущих мировых добывающих компаний, созданный для строительства и эксплуатации магистрального трубопровода протяженностью более 1,5 тыс. км.

*(Продолжение на 12-13 стр.)*

# ТОП-30 САМЫХ ЗНАКОВЫХ СОБЫТИЙ

*(Начало на 11 стр.)*

**Независимому Казахстану – 30 лет. Предлагаем вашему вниманию обзор наиболее знаковых событий в жизни страны по версии «Казахстанской правды».**



12. В 2002 году создано Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА).

Казахстан сыграл главную роль в создании основ современной системы коллективной безопасности в Азии. Первый саммит СВМДА, в котором приняли участие 16 государств-членов и 10 стран и организаций-наблюдателей, состоялся 4 июня 2002 года в Алматы. А впервые идея о созыве СВМДА была озвучена Нурсултаном Назарбаевым на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН 5 октября 1992 года. Первый Президент подчеркнул, что суть его инициативы заключается в стремлении возобновить ранее не увенчавшиеся успехом попытки создать эффективную структуру по обеспечению безопасности на азиатском континенте, где, в отличие от других регионов мира, подобный механизм еще не был сформирован.

13. В 2003 году в столице Казахстана состоялся Первый Съезд лидеров мировых и традиционных религий.

Съезд стал неординарным событием, продемонстрировавшим актуальность и необходимость воплощения идеи сотрудничества и единения представителей различных религий во имя мирной и достойной жизни людей всего мира.

Продолжились успешные изменения в экономике. В 2003 году Казахстан вышел на 2-е место в СНГ после России по уровню ВВП на душу населения. С 1 июля были повышены размеры пенсий, а после – и заработная плата для работников бюджетной сферы. Параллельно Казахстан приступил к диверсификации экономики. Как говорил Первый Президент, «мы должны больше средств направлять на развитие, а не на «проедание». Началась разработка Стратегии индустриально-инновационного развития Казахстана на 2003–2015 годы.

14. В 2004 году созданы институты развития, утверждена программа «Культурное наследие», обнародована программа политических реформ.

В контексте индустриально-инновационного развития было рассмотрено около 300 проектов, создано более 50 тыс. новых рабочих мест. Впервые за годы независимости темпы роста перерабатывающей промышленности превзошли темпы роста добывающей. Для поддержки индустриализации созданы инвестиционный и инновационный фонды, Банк развития, Фонд развития малого предпринимательства и другие.

Важные изменения происходили не только в экономике, но и в контексте дальнейшей политической модернизации страны. На июньском VII внеочередном съезде Республиканской политической партии «Отан» Нурсултан Назарбаев обнародовал Общенациональную программу политических реформ. Был издан Указ о создании национальной комиссии по вопросам демократии и гражданского общества.

15. В 2005 году состоялись выборы Президента, вхождение в пятерку самых динамичных экономик мира.

В 2005 году Казахстан вошел в пятерку самых динамичных экономик мира, показывая ежегодно темпы роста в пределах 9–10%. Внутренний валовой продукт нашей страны превысил совокупный объем ВВП государств Центральной Азии и Кавказа. Объем иностранных инвестиций в экономику превысил 40 млрд долларов. Росло и благосостояние народа. В первую очередь это было обусловлено увеличением реальной заработной платы, прирост которой составил свыше 10%. Что же касается выборов, то они, по оценкам Нурсултана Назарбаева, стали самыми лучшими по организации, проведению, а также по демократичности не только в истории современного Казахстана, но и, по данным экспертов, всей Центральной Азии.

16. 2006 год ознаменовался 15-летием Независимости Казахстана, Стратегией по вхождению в 50 конкурентоспособных стран.

Первое событие 2006 года – инаугурация всенародно избранного накануне Президента, состоявшаяся 11 января. В своей инаугурационной речи, а затем в Послании народу Нурсултан Назарбаев поставил стратегическую задачу по вхождению в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира. Вокруг этого документа в 2006 году выстраивается вся социально-экономическая политика страны. В 2006 году формируются две новые структуры: 28 января создан холдинг по управлению государственными активами «Самрук», а 16 марта – Фонд устойчивого развития «Казына». Как подчеркивает Первый Президент, их задача – повысить качество корпоративного управления государственными активами до международного уровня.

17. 2007 год запомнился Конституционной реформой, выборами в Мажилис. Внешнеполитическим достижением стало избрание Казахстана председателем ОБСЕ.

Знаковым стало новое Послание Главы государства народу «Новый Казахстан в новом мире», с которым он выступил 28 февраля. В нем концептуальное развитие получили основные положения двух масштабных стратегий – «Казахстан-2030» и вхождение страны в 50 самых конкурентоспособных стран мира. Нурсултан Назарбаев обозначил 30 направлений внутренней и внешней политики, определившие магистральный курс развития государства.

В 2007 году Казахстан получил ярчайшее доказательство признания мировым сообществом реальных успехов страны в построении демократического общества. 29–30 ноября в Мадриде состоялся Совет министров иностранных дел стран – участниц Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе, на котором было принято решение предоставить Казахстану пост председателя ОБСЕ в 2010 году. За нашу страну проголосовали все 56 государств – членов организации.

18. 2008 год совпал с кризисом в мировой экономике, 10-летием Астаны. В этом году был принят план действий по борьбе с коррупцией.

В 2008 году Казахстан, оперативно реагируя на возникающие вызовы, впервые использует стабилизационные возможности Национального фонда. Еще в начале года Нурсултан Назарбаев ставит задачу по обеспечению финансовой стабильности и снижению негативного влияния кризиса на отечественную экономику.

Большое внимание уделяется решению обострившихся проблем на рынке жилищного строительства. А осенью, 13 октября, Первый Президент дает поручение Правительству разработать комплексную антикризисную программу (ее утвердят 25 ноября). Тогда же было заявлено о слиянии холдингов «Самрук» и «Казына» – на их базе создан новый Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», которому отведена роль одного из ключевых инструментов реализации антикризисного плана действий. В 2008 году сделан большой шаг к повышению эффективности антикоррупционной системы в Казахстане. 6 ноября Нурсултан Назарбаев объявляет о принятии Общенационального плана действий по борьбе с коррупцией и ревизии законодательства.

19. В 2009 году был создан Таможенный союз, началось строительство магистрали Западная Европа – Западный Китай, открылась первая Назарбаев Интеллектуальная школа. По инициативе Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Назарбаева был создан Тюркский совет.

В 2009 году Казахстан благодаря своевременным и эффективным мерам сумел оказаться в весьма немногочисленной группе стран, которые добились положительного роста национальной экономики.

«Через кризис – к обновлению и развитию» – эта фраза, ставшая названием нового Послания Главы государства, максимально четко характеризует этот период.

12 января открывается Назарбаев Интеллектуальная школа – первая из запланированной республиканской сети учебных заведений нового типа. В 2009 году Казахстан по индексу развития образования ЮНЕСКО занял 1-е место среди 129 стран мира.

3 июля впервые был проведен общенациональный телемост, в рамках которого дан старт 16 индустриальным проектам, ставший впоследствии традиционным.

10 сентября Первый Президент принял участие в церемонии официального старта «стройки XXI века» – международного транспортного коридора Западная Европа – Западный Китай. Также осенью был построен первый казахстанский автобан Астана – Щучинск.

20. В 2010 году в Астане прошел Саммит ОБСЕ, был открыт Назарбаев Университет, стартовала программа индустриально-инновационного развития.

Весь 2010 год прошел в Казахстане под знаком председательства в ОБСЕ. К ответственной миссии Казахстан приступил 1 января, а спустя две недели Нурсултан Назарбаев озвучил приоритеты работы республики на этом посту, которые нашли емкое выражение в девизе «четырех Т»: Trust, Tradition, Transparency, Tolerance.

Саммит ОБСЕ в Астане 1–2 декабря стал кульминацией казахстанского председательства и имел большое значение для самой организации – столь широкого диалога в формате ОБСЕ не было уже 11 лет. Президенты, премьер-министры, высокие представители 56 государств-членов и 12 партнеров ОБСЕ, включая международные организации и объединения, провели за столом переговоров 2 дня. 2 декабря была принята Астанинская декларация.

21. 2011 год запомнился президентскими выборами, председательством в Организации исламского сотрудничества, VII



# НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

зимними Азиатскими играми. 2011 год начался с масштабного обсуждения – на повестку дня был вынесен вопрос о проведении референдума по продлению полномочий действующего Президента до 2020 года.

Инициатива нашла широчайшую поддержку – буквально за месяц в пользу проведения плебисцита высказались около 5 млн казахстанцев. Однако Нурсултан Назарбаев предложил альтернативу – проведение досрочных выборов.

Выборы прошли 3 апреля, и казахстанцы на них оказались так же единодушны, как и в вопросе о проведении референдума – за Нурсултана Назарбаева проголосовали 99,5% избирателей.

30 января по 6 февраля сразу и в Астане, и в Алматы прошли VII зимние Азиатские игры. Для казахстанских спортсменов это триумфальное время: у национальной сборной 70 медалей (32 золотые) и 1-е место в командном зачете. В этом же году Международная федерация университетского спорта приняла решение о проведении в



Алматы 28-й Всемирной зимней универсиады в 2017 году.

На новый этап вышла евразийская интеграция. 18 ноября в Москве состоялось первое заседание Высшего Евразийского экономического совета, на котором было объявлено о том, что с 2012 года Казахстан, Россия и Беларусь будут жить в условиях Единого экономического пространства. В казахстанской столице состоялся саммит министров иностранных дел Организации Исламская конференция. Казахстан принял председательство в этой структуре и выступил с инициативой переименовать ОИК в ОИС – Организацию исламского сотрудничества. 21 октября Алматы становится «хозяйкой» первого в истории саммита Совета сотрудничества тюркоязычных государств.

22. В 2012 году Казахстан вошел в число 50 конкурентоспособных стран мира. ВВП Казахстана со времени обретения независимости вырос в 18 раз. Объем экономики страны почти в 2 раза превысил уровень ВВП стран Центральной Азии вместе взятых. Доходы населения в долларовом выражении увеличились в 9 раз, уровень бедности сокращен в 10 раз, с 40 до 4,6%.

В этом же году вступили в силу соглашения, формирующие Единое экономическое пространство Казахстана, России и Беларуси.

23. В 2013 году страна приступила к реализации долгосрочной Стратегии развития «Казахстан-2050».

В декабре 2012 года в Послании Первого Президента народу была представлена Стратегия развития Республики Казахстан до 2050 года. Ее главная цель – создание общества благоденствия на основе сильного государства, развитой экономики и возможностей всеобщего труда, вхождение Казахстана в тридцатку самых развитых стран мира. «Стратегия «Казахстан-2050» предусматривает реализацию 7 долгосрочных приоритетов, касающихся прагматичной экономической политики, поддержки предпринимательства, социальных гарантий и личной ответственности.

Предусмотрено реформирование системы образования, подготовки и переподготовки кадров. Целью стратегии также являются укрепление государственности и развитие казахстанской демократии, последовательная и предсказуемая внешняя политика, новый казахстанский патриотизм.

24. 2014 год ознаменовался подписанием договора о создании ЕЭАС, программой «Нұрлы жол».

В 2014 году Нурсултан Назарбаев выступил с Посланием «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», в котором поставил задачу о внедрении в Казахстане ряда принципов и стандартов ОЭСР и вхождения в 30 наиболее развитых стран мира. Завершилась разработка новой масштабной программы развития «Нұрлы жол», которой было посвящено новое Послание Президента народу на 2015 год. Знаковое событие состоялось в контексте евразийской интеграции. Президенты Казахстана, России и Беларуси подписали договор о Евразийском экономическом союзе.

25. 2015 год стал годом президентских выборов, запомнился подписанием соглашения о расширенном партнерстве с ЕС. В этом году наша страна вступила в ВТО.

Казахстан продолжил антикризисные меры в рамках программы «Нұрлы жол», которая стала основным «каркасом» экономической политики. В рамках электоральной кампании Нурсултаном Назарбаевым был предложен нестандартный и сильный ответ на глобальные вызовы нашей государственности и выдвинуты Пять институциональных реформ.



Первый Президент пришел на выборы с конкретной программой действий и одержал убедительную победу. 26 апреля народ показал рекордную электоральную активность – явка составила 95,22%. По данным Центризбиркома, за действующего Президента свои голоса отдали 8 млн 833 тыс. 250 человек, или 97,75% избирателей.

26. В 2016 году Казахстан был избран в непостоянные члены Совета безопасности ООН, обнародован Манифест Нурсултана Назарбаева «Мир. XXI Век». Подписано соглашение о сопряжении стратегических программ РК и КНР «Нұрлы жол» и «Один пояс – один путь».

Этот год прошел под знаком 25-летия Независимости и реализации Плана нации «100 конкретных шагов» по реализации Пяти институциональных реформ. В экономике был отмечен положительный эффект индустриализации. На внешнеполитической арене Казахстан провел переговоры с председателем Европейского совета Дональдом Туском и председателем Европейской комиссии Жан-Клодом Юнкером в Брюсселе. Состоялся визит Первого Президента в Вашингтон для участия в IV Саммите по ядерной безопасности. На его полях обнародован Манифест Нурсултана Назарбаева «Мир. XXI Век». Глобальная стратегия призвана определить согласованные и ответственные действия наций по уничтожению вируса войн и конфликтов. Учитывая эти и другие инициативы Нурсултана Назарбаева как признанного в мире миротворца, закономерным было избрание Казахстана в качестве непостоянного члена Совета Безопасности ООН на 2017–2018 годы.

27. В 2017 году Казахстан стал площадкой для мирного урегулирования межсирийского конфликта. В столице прошла Международная специализированная выставка EXPO 2017. Казахстан стал непостоянным членом Совета Безопасности ООН до 2019 года. Началась реализация программы «Рухани жаңғыру».

Странами – гарантами Астанинского процесса выступают Россия, Турция и Иран. Казахстан предоставляет площадку для переговоров. Все это свидетельствует о высоком международном авторитете нашей страны и доверии к ней всех участвующих сторон. А в Международной выставке EXPO 2017 приняли участие 115 государств и 22 международные организации. Выставку посетили более 4 млн человек, из которых полмиллиона приехали из других стран. Проведение выставки стало важным свидетельством экономических успехов Казахстана, признания достижений нашей страны международным сообществом. Программа «Рухани жаңғыру» была разработана на основе положений статьи Первого Президента Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», опубликованной 12 апреля 2017 года. В ней обозначена основная цель нации на новый исторический период: сохранить и приумножить духовные и культурные ценности, войти в 30 развитых государств мира. Программа предусматривает несколько проектов, направленных на достижение этих целей.

28. В 2018 году был создан Международный финансовый центр «Астана», утвержден Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года, который запускает процессы Третьей модернизации страны, объявленные Главой государства в начале 2017 года, и ставит задачи по ускоренному качественному экономическому росту и повышению уровня жизни в стране. Главная цель до 2025 года – добиться качественного и устойчивого подъема экономики, ведущего к повышению благосостояния людей на уровень стран Организации экономического сотрудничества и развития.

29. В 2019 году Президентом Казахстана на всенародном голосовании избран Касым-Жомарт Токаев.

Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев вечером 19 марта 2019 года в обращении к народу объявил, что добровольно снимает с себя президентские полномочия. По словам Назарбаева, вопрос преемственности власти решен конституционно, а президентские полномочия переходят председателю Сената до окончания выборного срока. Эту должность в то время занимал Касым-Жомарт Токаев. Нурсултан Назарбаев назвал его честным, ответственным и обязательным, именно тем человеком, которому мы можем доверить управление Казахстаном. Всенародные выборы нового Президента состоялись 9 июня 2019 года. Победил на выборах Касым-Жомарт Токаев, заручившись поддержкой более 70% избирателей.

Президентом Токаевым объявлен курс на политическую модернизацию, учреждена новая площадка для диалога государства с гражданским обществом – Национальный совет общественного доверия (НСОД). Президент представил Новый экономический курс и концепцию «слышащего государства». Приоритетом государства названы человеческий капитал и качество жизни.

30. В 2020–2021 годы проведен ряд социально-экономических реформ и мероприятий, направленных на поддержку населения, появились первые результаты демократических реформ.

Казахстану, несмотря на пандемию, удалось сберечь устойчивость национальной экономики, оказать содействие гражданам, малому и среднему бизнесу, пострадавшим от пандемии, сохранить социальную стабильность. Мерами поддержки занятости в 2020 году были охвачены 1,4 млн человек, в том числе 238 тыс. человек в рамках «Дорожной карты занятости». Налоговые послабления получили 700 тыс. предпринимателей. 80% заемщиков пострадавших отраслей получили отсрочки по кредитам. Профинансировано порядка 40 тыс. проектов предпринимателей по удешевленной ставке. На высоком профессиональном уровне было организована медицинская помощь населению, приняты меры по противодействию последствиям коронавирусной инфекции (COVID-19). Почти все отрасли реального сектора и отдельные виды услуг демонстрировали положительные темпы роста. Это строительство, информация и связь, сельское хозяйство, обрабатывающая промышленность, образование. В 2020 году рост реального сектора стал экономическим драйвером, составив 2,0%. Почти все отрасли реального сектора и отдельные виды услуг демонстрировали положительные темпы роста. Для сектора услуг год завершился с минусом в 5,6% из-за последствий пандемии, хотя в последние месяцы года динамика стала восстанавливаться. 2021 год Глава государства Касым-Жомарт Токаев провозгласил Годом 30-летия Независимости.

Юбилей пройдет под знаком экономических и политических реформ, цифровизации, защиты прав детей и инвалидов, решения проблем экологии. В 2021 году уже появились первые результаты демократических реформ, объявленных Президентом. Прошли выборы сельских акимов, выборы в Мажилис показали преимущества многопартийной системы. Продолжилась борьба с преодолением последствий пандемии. С 26 апреля 2021 года началось применение созданной в нашей стране вакцины QazVac.

*Игорь ПРОХОРОВ*

**Арамыздан мезгілсіздеу кеткен Өтеш Құдайберген Ерсейітұлының жыр-жинағының тұсауы кесілді. Түр-тұлғасымен «Бала Пушкин» атанған Құдайбергендей досымыздың жырларымен үндестік, рухыменен тілдестік. Өлең өлкесінің өрені ортамызға қайта келгендей әсерде болдық. Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді, ағайын!**

# ШАРДАРА ҚҰДАШЫМЕН ҚАУЫШҚАН КҮН

Түркістан облысы, Шардара ауданы ақын-жазушыларының Қ.Иса атындағы шығармашылық бірлестігінің төрағасы, «Өскен өңір» газетінің директоры, ақын Лаханов Сәбит Қоспанұлының тынымсыз еңбегінің арқасында, соңғы екі жылдың көлемінде аяулы ақынның әр кезеңдерде жазылған өлең-жырлары жинақталып, «Көңіл назы» деген атпен, толыққанды кітап болып жырсүйер қауыммен қауышты. Сүйікті ақынымыздың кітабының тұсаукесері сүйікті қаламыздың Қала күні мерекесімен орайлас келді. Іс-шараның негізгі бөлігі біткен соң, сахнаға Қ.Иса атындағы бірлестіктің төрағасы Сәбит Қоспанұлы шығып аз ғана мағлұмат жасап, аудан әкімі Қ.Жолдыбайұлы мен аудандық Қоғамдық келісім төрағасы Қ.Інайұлына кітаптың тұсауын салтанатпен қидырды. Салтанатты рәсімнен кейін Құдаш ақынмен тіршілікте ағаінідей сырласқан бірлестік мүшелері, осынау күнді аңсап күткен арқалы ақындар Қасқыр Серікбаев, Нұрғали Ыбырайым, Жаңабай Сейдуәлиевтер сахнаға шығып ақын жайлы, бүгінгі өтіп жатқан тұсаукесер жайында өздерінің жүрекжарды лебіздерімен бөлісті.





Кітаптың алғысөзін ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық С.Есенин атындағы сыйлық – «Алтын күз» төсбелгісінің иегері Қазыбек Иса жазды. Өскен өлкесіне деген сағынышын жүрек төрінде бойтұмардай сақтап жүретін атпал азаматтың алғысөзінде ақынға деген құрмет, шығармаларына деген шынайы пікір, шағалалы аймақтың шайырлары жайында шырайлы ойтолғаулар орайымен жазылған.

Иә, Құдекең сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан аудандық «Өскен өңір» газетінде тілші болып бастап, өмірінің соңына дейін сол басылымда қызмет атқарды. Қыдыр кезген Қызылқұмды мекендеген шопан қауымның еңбек озаттары жайында кеңінен толғап жазатын очерк, әңгімелері кім-кімді де болса сүйсінтпей қоймайтын. Ол заманда өкімет тарапынан шопандарға деген құрмет айрықша болатын да, жыл сайын тамыз-қыркүйек айларының бірінде Көксу совхозында дәстүрлі түрде шопандар тойы өтетін. Бұл той тек ақтылы қойын өргізген қойшының ғана емес, аудан спортшылары мен өнерпаздарының да халықтың алдында бір есеп бергеніндей сәт болушы еді. Өйткені, ақындар айтысы Камал аға мен Уәли ақынның, Лесбек пен Бала Тәшманның арасында қайнап жатса, қай концерттің де шымылдығын Зұлпыхар Исаев пен Тәшман Шекеров ағалар жыр-шашумен жарқыратып ашып жататын. Ойхой, дүние-ай! Бір қызығы, осы концерттердің бәрінің дерлік бағдарламасы сол кездегі «Өскен Өңір» газетінің тілшілері, зерделері қиял қоймасындай көрінетін Кәдірбек Баударбеков, Оңалбай Еспанов, Нұрғали Ыбырайым, Құдайберген Өтешов ағаларға тікелей жүктелетін. Осы ағалардың жазып дайындап берген сценарийлерімен талай концерт жүргіздік қой.

Құдайберген елмен етене жақын болды. Кім жайында жазса да, сол кейіпкерінің бітім-болмысын аша білетін нағыз журналистика жанрының суреткер-сүлейі еді. Кейіпкерінің ішкі жан-дүниесіне кіріп кететін де, сол адамның болмаса, сол отбасының ең жақын туысқанындай саналып кететін.

Ақынның алтыннан салмақты асыл ойларынан туған айшықты жырларының өзі – бір төбе.

Жалпы, ақын деген халық дүниені байлық санаған емес. Бұл халық пұлының мол болғанынан емес, жырының зор болғанынан рахат табатын халық.




Құдайберген Мендекешті, Мұқағалиды, Төлегенді қатты жақсы көрді. Үшеуінің де өлеңдерін жатқа айтатын. Бәлкім осы тұлғалармен өзін тағдырлас санайтын ба еді? Кім білсін? Өлеңді асықпай баппен, өзіне тән биязы да қоңыр дауыспен өте салмақты оқитын. Тыңдарманның жүрегіне жеткізе, қолын сермеп оқып тұрғанда менің алдымда бір алып тұлға тұрғандай сезінуші едім. Енді ойласам жүрегі алып екен ғой азаматтың.

... Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы,
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы,
– дейді ғой мұқым елдің мұзбалағы Мұқағали.

Ал біздің Бала Пушкин, –
... Көңіл қалды ініден, ағадан да,
Пейіл қашып кеткен бе, бар адамда.
Шардарадан шет көшіп
кетсем бе екен,
Жиып-теріп барлығын шабаданға,
– деп төкпелейді.

... Қулары таудың қызыл түлкісі дер,
Момындар біздің үйдің кірпіші дер.
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен,
Менің нәзік жанымды кім түсінер?

Иә... адам баласының бойында имандылықтан гөрі пенделігі белең алып бара жатқан кезеңде нәзік жандарын өздерімен ала кеткендері де бір тұрғыдан жөн болды ма екен?..

Қалай дегенде де ақын Құдайберген Өтештің кітабының қалың оқырманға жол тартуы Қ.Иса атындағы шығармашылық бірлестіктің биылғы жылғы ауыз толтырып айтарлықтай тындырған жұмыстарының бірі болды. Ақынның көзін көрген, мына жалғанда сіз-біз дескен тілеулестерінің тиянақты тірліктеріне тәубе дейміз де.

Айтпақшы, «Жақсыдан-шарапат» дегендей, Құдаш досымыздың кітабының тұсаукесерінде аудан әкімі Қайрат Жолдыбай Шардара ауданы ақын-жазушыларының антологиясын шығарып беруге уәде етті. 2008 жылы аудан әкімі Серікбай Ибадуллаев ағамыздың ұйғарымымен шардаралықтардың «Ақ шағала жырлар» атты топтамасы жарық көрген болатын. Одан бері қанша жыл өтті, қаншама жас ақындармен бірлестік мүшелері толығып жатыр?

Мысқалдай мейірімге сәбидей шаттанатын шардаралық ақындар аудан әкімінің мынадай жүрекжарды ұсынысына мәз болысып қалды. Ендеше, өздеріңізбен жаңа жыр топтаманың тұсаукесерінде тоқайласқанша күн жақсы болсын, құрметті жырсүйер қауым!

**Әбдіғаппар АЙДАРОВ**
*Шардара ауданы,*
*Түркістан облысы*

**Шағылы мен шағаласы жарысқан Шардара қай кезде де дарындарға кенде болмаған. Өнердің өзге өкілдерін айтпағанда, тек қаламгерлердің өзін айтсақ та, елге белгілі біраз есімдерді атауға болады. Дарынды жазушы Жәлел Кәттебек, арынды ақындар Нұрғали Ибрайым, Жұмабек Мұқан, Оңалбай Еспан, Құдайберген Өтеш, Әмірхан Балқыбек, Әлібек Шегебай, Бауыржан Қарабек, Қасқыр Серікбай, Әбдіғаппар Айдар, Сәбит Лахан, Ұлмекен Лесбектердің аттарын ауыз толтырып айтуға болады.**

# ШАБЫТЫНА ШАЛҚЫП ӨТКЕН ШАЙЫР

Сондықтан да мен «Шардара барған шайырмын демес бұл күнде!» деп осыдан он бес жыл бұрын жазғанда көз алдымда көлбеңдеп өткен ақындардың ортасында талантты ақын Құдайберген Өтештің де бейнесі тұрған еді...

Бүгінгі сөз осы шоғырдың ішіндегі талантты ақын Құдайберген Өтеш туралы болмақ.

Құдекең Қасымның жырын, Мұқағалидың мұңын, Төлегеннің шерін, Сабырханның сазын тартып, нағыз ақындарша өмір сүрді. Оған Құдайбергеннің әр өлеңін оқысаңыз да көз жеткізесіз. Сол кездегі жүдеу тірлікте тұрмыстың тұсауынан шыға алмай жүріп, өлеңнің құшағына құлаудың, көп ішінде жалғызсырап, құм ішінде құлазудың іздері ақынның әр өлеңінде сайрап жатыр.

Жүректен шыққан мұңды жыр жазудан басқа өмірден қызық қуып, сайран сала қоймаған ақын көп өмір сүре қойған жоқ... Елуін елеусіз өткізген ол алпысын атай алмай кетті...

*Баға берсе ақын деп халқым маған,*
*Мен де бір сәт желпініп нартұлғанам.*
*Қара өлеңім тұрса егер тақтан түспей,*
*Ханның тағын қайтейін алтындаған...*

*Қасиетті қара өлең жырым барда,*
*Тартып қайтем нала мен мұңымды алға.*
*Ұлылық пен жылылық жыр-өлеңде,*
*Жүрегімен шындап бір ұғынғанға.*

*Қажет емес алғысың, атағың да,*
*Тек жыр болса жетеді баталы ұлға.*
*Әл-әзірге келемін көзге ілінбей,*
*Ұйқас қуған ақындар қатарында.*

*Қаршадайдан болғасын жырға ғашық,*
*Қайран көңіл көктемгі тұлғаға асық.*
*Ақынмын деп айқайлап жүрген мен жоқ,*
*Халқым өзі-ақ айырар кім дарасын.*

*Ермек емес білгенге өлең деген,*
*Өлең жазсам өсемін, кемелденем.*
*Талай ақын топ жарып, тауға шықты,*
*Түртінектеп жүргенде төменде мен.*

*Бола алмастан жастарға көбіңе үлгі,*
*Тауысуға тақадым елуіңді...*
*Ақыл кіріп, алпыста кеш те болса,*
*Жазғай Аллам, биіктен көрінуді...* – деп жырлап өткен ақын, өзі күткен алпысына енді қараған шағында дүниеден өтіп кетті.

Осы бір өлеңнен-ақ Құдайбергеннің бүкіл өмірін көруге болады.

Құдайберген өз өлеңдерін де, белгілі ақындар жырларын да нақышына келтіріп тұрып жатқа оқитын. Жақсы оқитын. Жылы жымиып қойып, жырын жазып қана жүрген бір ақынның өмірден өтіп те кеткенін біреу білді, біреу білмеді... Шардарада шабытына шалқып өмір сүрген шайырдың мол мұрасын мұқият жинап, ел игілігіне жаратар кез келді. Көзі тірісінде жеке жыр жинағы да шықпады-ау деймін.

Енді, міне Шардара ауданы әкімі Қайрат Жолдыбай өзі бас болып, ақынның кітабын шығарып беруге бел буғаны игілікті іс.

Құдайберген Өтештің атын көшеге беру, өзі тұрған үйге ескерткіш тақта ілу, оқыған мектебінде ақын атындағы сынып ашу және т.б мәңгілік есте қалдыру шаралары қолға алынуы тиіс.

Алып жүре алмайтын қара басын,
Мықты ақынға мені елім санамасын.
Жазғанымды жастанып оқып шығып,
Барым болса бармақтай бағаласын, – деп ағынан жарыла, ақтарыла жырлап өткен Құдайберген Өтеш ақынның жырларын бағалайтын кез келді.

**Қазыбек ИСА,**
**ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты,**
**Халықаралық С.Есенин атындағы сыйлық –**
**«Алтын Күз» ордені иегері**

# ҚАРТ БӘЙТЕРЕК ҚҰЛАДЫ



95 жасқа қараған шағында көрнекті әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Серік Смайылұлы Қирабаев дүниеден озды.

С.Қирабаев 1927 жылы 23 наурызда Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы Атасу аулында дүниеге келген. 1951 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіргеннен кейін аспирантурада оқи жүріп, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, «Әдебиет және искусство» журналының бөлім меңгерушісі болып істеген. «Пионер» журналында редактор, «Социалистік Қазақстан» газетінде меңгеруші, редакциялық алқа мүшесі болды. 1958 жылдан Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында 30 жыл бойы доцент, профессор, филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, институт ректорының оқу ісін басқаратын орынбасары қызметтерін атқарды. Қазақ КСР Ғылым академиясының Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, кейіннен бөлім меңгерушісі болды.

Қазақ әдебиетінің өзекті мәселеріне арналған сын мақалалары мен рецензиялары 1948 жылдан бастап жарық көре бастады. Содан бергі уақытта 800-ден астам әдеби-сын ғылыми мақалалары мен еңбектері жарық көрді. С.Көбеевтің жазушылық жолы жайында кандидаттық диссертация қорғады (1957), «Сәкен Сейфуллин» монографиясы негізінде докторлық диссертация (1964) қорғады. «Жүсіпбек Аймауытов» атты кітабы ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды (1994). Ғалымның шығармашылық жолының үлкен бір бағыты – оқулық құрастыру болды. 1952 жылдан бастап орта мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарын әзірлеуге белсене атсалысумен бірге «Қазақ әдебиеті және мектеп», «Қазақ әдебиеті оқулығына методикалық нұсқау» қатарлы әдістемелік еңбектер де жазады.

КСРО Жоғарғы Аттестациялық Комиссиясының сараптамалық кеңесінің мүшесі, Қазақстан ЖАК-тың төралқа мүшесі, Қазақ энциклопедиясының редалқасының мүшесі және әдебиет жөніндегі кеңестің төрағасы болған. КСРО Жазушылар одағы басқармасы тексеру комиссиясының, КСРО Жазушылар одағы жанындағы Сын кеңесінің мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, одақтың хатшысы, төралқа мүшесі, сын кеңесі төрағасы болып бірнеше жыл істеген. Көп жылдар бойы Қазақстан Білім министрлігі жанындағы оқу-әдістемелік кеңесінің әдебиет секциясының төрағасы ретінде орта және жоғары мектепке арналған оқулықтар мен бағдарламаларды жаңғырту, жетілдіру ісіне басшылық жасады. «Қазақ әдебиеті және мектеп», «Қазақ әдебиеті оқулығына методикалық нұсқау» (Қ.Мырзағалиевпен бірге), т.б. көптеген оқулықтары жарық көрді.

Көрнекті ғалымның сан салалы еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы» ордендерімен және көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. 2005 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болса, 2007 жылы «Отан» орденінің, 2012 жылы II дәрежелі «Барыс» орденінің иегері атанған Серік Смайылұлы өзінің саналы ғұмырында қазақ әдебиетінің тарихы, теориясы, сынын қалыптастырып дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Ғалымның сонау өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралықта қазақ әдебиеті тарихы мен теориясы, сыны бойынша жазған сан ондаған кітаптары филология, педагогика мамандығы бойынша білім алушы әлденеше буын білімгерлердің қолынан түспейтін құнды еңбектер ретінде оқытылып келе жатыр.

Қазақ руханиятында өшпес із, өлмес мұра қалдырған қайраткер тұлға, ардақты азаматтың жарқын бейнесі, ғибратты ғұмыры әріптестері мен халық жүрегінде мәңгі сақталады.

Барша қаламгер қауымының атынан марқұмның отбасы, ағайын-туысы мен шәкірттерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Асыл азамат, ардақты ағамыздың иманы жолдас болып, нұры пейішке шалқысын!

**Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы**

## СОҢЫНДА ҚАРАОРМАН ШӘКІРТІ ҚАЛДЫ...

Жаңарқада жүріп Алаштың атын сарқынды қариялардан естіп өскен, кеңестік Сәкендердің руханиятын көңіліне түйіп ержеткен, Алматыда С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебайұлы тәрбиесін көріп, батасын алып ғылымға келген Серік аға Қирабайұлы бір буынның серкесі еді. Сол бір буынның ақабалы сарқытына айналып бүгін қазақ әдебиеттануының қарт бәйтерегі құлады. Бізді мәпелей тәрбиелеген аяулы ұстаз Серік Қирабайұлы бақилық.

Адам өмірі қысқа. Қанша жасасаң да – қысқа, пәйкелі ащы, «дәнегі» тұщы өмір. Қанша тәшпүш көріп жасасаң да тәтті, шіркін өмір!

Салыстырмалы түрде, ұзақ жасады ұстаз. Ұсақтамай ұзақ өмірді мәнімен жасады ғалым. Ұзақ өмірде ұстаз болып қаншама шәкірт тәрбиеледі?! Ұзақ өмірде бас ғалымға айналып, қысқа ғасырда мың құбылған замана көш-керуенінен қалып қоймай, жаңара жүріп, әдебиеттануға қаншама үлес қосты?! Қаншама маман даярлады ғылымға?! Адам ретінде мейлінше адал, ұстаз райында мейлінше шәкірттеріне қамқор, ғылымда ұстанымына тұрақты үлкен жүректі тұлға еді, ғазиз жанды аяулы ұстаз! Сіз «қуалап» жүріп, диссертация қорғатпасаңыз, өз басым ғылымға келмеген болар едім...

Елбасы қабылдапты Серағаңды. «Біз Сіздің әкеңіздің оқулығын оқыдық қой мектепте» десе керек Елбасы құрметтеп. «Әкемнің емес, менің оқулығыммен оқыдыңыздар ғой...» депті Серағаң. Осыдан-ақ байқай беріңіздер, халқымыздың қаншама буын-буын ұрпағының орта мектепте, жоғары мектепте Серік Қирабайұлы оқулығымен өскенін?!.

Тоқсан жылдық тойында «Жүзге келесіз. Жүзге келемін деп сөз бересіз бізге. Әйтпесе, топырақ салуға келмей қоямыз...» деп еркелегем... «Сендер келіп, топырақ салмай қоя ма – деп «қорыққаннан» жүзге келуге тырысымыз ғой енді...». Қалжыңға қалжыңмен жауап беріп еді ұстаз. Тойдың түйінсөзінде, әй-шәй жоқ, «Құлбегімді академик жасай алмай барамын» дегені тағы бар. «Ковид-19» індетінің жетіп келетінін қайдан білейік, жан-жағын айдаһардай жайпап. Енді, мынау ұстаздың ақирет сапарына жете алмай, топырақ салуға жарамай пұшайман болып отырғанымыз...

Сөйтіп, қапияда қазақ әдебиетінің қарт бәйтерегі құлады. Соңын қара орманға айналдырып!..

Қош, аяулы ұстаз!

**Құлбек ЕРГӨБЕК**
**шәкірті**
*Түркістан*

## ҚОШ БОЛ, ҰСТАЗ!

Өзі тәтті, дәні қатты өмір – Алла Тағаланың адамға берген сыйы ғана емес, тағдырдың аса ауыр сыны. Сол сында сынбаған, өзінің емес ең алдымен халқының қамын ойлаған терең ойлы тектілер ғана тұлға атты биік тұғырға көтеріледі. Тұлғасы жоқ, ел – тұл. Өзінің шыншыл, сыншыл ойымен ұлттық әдебиетіміздің өсіп, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ай маңдай алыптарымыздың бірі еді, Серік Қирабаев. Үлкен де кіші де, ол кісіні Сераға деп құрметтеді. Ол бүкіл саналы өмірін әдеби сынға арнады, талай талантқа ұлағатты ұстаз болды. Мен де Серағаңның көп шәкірттерінің бірімін.

Әдебиетке келген алғашқы сәтімнен бастап Серағаң әрбір жаңа шығармама қуанып, ағалық ақ тілегін айтып та, жазып жүрді. Сол көп мақалаларымның ішіндегі «Жиырмасыншы ғасыр» роман-эпопеясы жайлы жазған талдауы көптің көңілінен шықты. 1966 жылы М.Әуезов театрында өткен шығармашылық кешімде кең тынысты, кемел ойлы баяндама жасады. Менің де ұстазым еді. Көзден кетсе де көңілден кетпейді Серағаң.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Тән көмілер, көмілмес еткен ісі».

Қош бол, ұстаз.

Жаныңыз жанатта болсын. Қабіріңіз нұрға толсын.

**Сәбит ДОСАНОВ**
*Алматы*

## СОҢҒЫ МЫҚАН АҒАШЫ

Ол, шын мағынасындағы, қазақ әдебиетінің алып емендері Мұхтар Әуезовтен бастап, күні кеше ғана біздің көз алдымызда дүниеден қайтқан Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафиннің, өзі әзіл-қалжыңы аралас өмір сүрген Бердібек Соқпақбаев пен Тахауи Ахтанның, кейінгі толқын Сәкен Жүніс, Қалихан Ысқақ, Қабдеш Жұмаділ, Сайын Мұратбектің, одан кейінгі үшінші толқын Оралхан Бөкейдің, төртінші толқын бүгінгі алпыс-жетпістегілердің, бесінші толқын қазіргі қырық пен елудің арасындағылардың көркем әлемін жетік білетін және солардың әдеби көркем әлемі мен рухани өміріндегі бар сырын – жан сырын түсінетін, олардың қадіріне жете бағалайтын кемелдікке ие мықан ағашы еді.

Оған, Секен, менің қормалды ғылыми кеңесшім Сер-ағаң – Серік Қирабаев өмірден озған кешкі бейуақтан таң қараңғысына дейінгі аралықта: «Ойпырмай, бір бәйтерегіміз құлапты-ау», «Иесіз қалған бәйге атындай болдық па, шынымен», «Жанының жылуына жылып жүрген жүрегіміз суитын болды-ау», «Қош, қазақтың кадірменді қариясы» – деген мазмұндағы жоқтау мен жұбату сөздердің саны елуден асып жығылғаны толық дәлел. Олардың бәрі де – сөз тізгінін, ой тізгінін, ілім тізгінін дербес ұстаған зиялы қауым мүшелері. Солардың барлығының да Секенді іш тартып, көңіл босатуы, осынау бір сырын жатқа аша бермейтін, тіпті алғысын да ішіне сақтап жүретін кемел тұлғаның тіршіліктегі қайырымы мен рақымының жүрек айнасына жазылған өмір кешуін танытады.

Өмірде өзін сондай тәртіпті, әдепті, сырбаз ұстайтын Сер-ағаңның құрбы-құрдастарымен арадағы қалжыңдарын алғаш көргенімде, таң қалғаным бар. Жандүниесі ашылған адамға, жүрегіне бұрыш араласқан түз сеуіп жатсаң да жайдары қалпынан жазбайтынын сонда көрдім. Мен де сол мүмкіндіктің бәрін «пайдаландым-ау» деймін. Қандай да бір қиын мәселемен, әсіресе, М.Әуезовтің мұражайын қайта жөндеуден өткізу, жазушының туғанына 100 жыл толуы мерекесі барысында, қай уақытта қандай екпінмен кеуделеп келсем де мысымен басып, меселімді қайырмай: «Істе. Сен өз ісіңе өзің жауап беретін және жауап бере алатын адамсың. Бірақ байқа...» – деп сабырға жендіріп, еркіндік беретін. Ол бір қиын кез еді ғой, саябырсуды көтермейтін. Тіпті өзі жоқта өзінің қолын қоюға да рұқсат берді. Ал ол рұқсатты мен қысылып-қымтырылмай, емін-еркін пайдаландым, өзіне тапсырылған істі үкіметтің өзі орындауға тиісті екенін ескертіп, өздеріне орындауды тапсырып хат жазып, қолын қойған кездерім де болды. Сондайда: «Бәрі де Мұқаң үшін. Жаза бер», – дейтін.

Ол «еркіндікті» Астанаға келген соңда пайдаландым. Менің мінезіме бойы үйреніп алғаны сондай, «Сіз», – деп сызыла қалсаң, кәдімгідей өкпелеп: «Сен менен сырт тартып барасың», – деп, қайтадан еркіндігіме көшсем: «Е, сөзіңді енді түсіндім. Саған орағытып, сырғыту жараспайды», – дейтін. Мұны өзім үшін айтып отырғаным жоқ, Сер-ағаңның жомарт жүрегі мен іс үшін соншама адал, беріле сенетін мәрттігін ашып көрсеткім келді. Ол өзінің беделін пайдаланып, әсіресе, ғылым саласында зорлатып шешім қабылдатқан емес. Абайдың академиялық басылымының дайындалу барысында тәп-тәуір ұстаным алшақтықтары болды. Мен, жұртты шуылдатпайын деп оңаша барып, бар ойымды жасырмай, ашына айттым. Сонда: «Дұрыс айтқаның. Абайға жаның ашитынын және біркадар білетініңді де білемін. Бірақ бізде де ұстаз бар. Олардың істерін шәкірттері – бізге мүлдем сызып тастауға болмайды. Дәстүр жалғастығы үзіліп қалады. Өзің білесің...» – деп абайтанудың әр тұстағы түйткілді мәселелерін баяндап берді. Мен айтқанды өзі де біліп тұр. Алайда ұстаздары мен достарының пікірін сыйлап тұр.

Сондай кішіпейіл Сер-ағаңның жақсылық жасауға келгенде, тізесін батырып жіберетін әдеті де болатын. Мысалы, ғылымға беттемей тайсақтап жүрген мені байқатпай қақпайлап, өзіме де айтпай, пәленбай күні докторлық диссертация қорғайды – деген хабарландыруды ілдіріп қойып, еріксіз мәжбүр еткені бар. Содан бастап, мен де Сер-ағаңды ұстаз тұтып, келіспесем де, пікірімен санасатын болдым.

Міне, қазақ руханиятының бес толқынын тәрбиелеген ұстаз, исі қазақтың сөз ұстазы Сер-ағаң да өмірден өтті. Сол өзі берген тәрбиенің ықпалы болар, азалы сөз түсында да үлгі боларлық тәлімнің ойға орала бергені. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» – деген ұлы тілек бар. Ол – жалықпай ұстаздық етті. Ал ұстаздардың дәрежесі, қасиетті сенім бойынша, пенде атаулыға тиесілі ең жоғары төртінші дәреже. Бақи дүниеде де сол дәрежеңіз өзіңізге тиесілі болсын, қазақ әдебиетінің Мықан ағашы!

**Шәкіртіңіз – Тұрсын ЖҰРТБАЙ.**
*Нұр-Сұлтан*

**Жаһандану заманында күн өткен сайын ұлттық мәдениетіміздің тынысы тарылып, ұмытылып бара жатқандай. Қазіргі қоғам жастарының арасында өз мәдениетінен гөрі өзге ұлт мәдениеті танымалдылыққа ие. Ұлттық мәдениетіміздің жастарға жеткілікті түрде дәріптелмеуі, оның толықтай зерттелмей, үйретілмеуі – қазіргі жастарға теріс әсерін тигізуде. Мәдениетімізге қызуғышылық танытып үйренем деген жастардың сұрақтарына медиа ақпаратта жауап табылмай жатады. Жастардың өз мәдениетіне терең тамыр жаймауының салдарынан патриоттық сезімі төмен ұрпақ пайда болып жатыр. Бұл салдар жас мамандарымыздың шетелге кету мәселесіне ұласуда.**



# ҰЛТ МҮДДЕСІН ҰЛЫҚТАЙТЫН ЖОБА

Осындай күрделі мәселелер толғауында пісіп-жетілген, бүгінде түрлі ұлттық жобаларды жүзеге асырып жүрген бір топ елордалық жас өрендердің қоғам пайдасына асар бастамалары аз емес екен. Сабыржан Нұрғалиев, Амир Кайпиев, Дәулет Ерсаинов, Әділет Доктырбек секілді төрт жастың жігерлі идеясы біздің де көңілімізге қонып, сол туралы толымды мақала жазуды жөн сандық.



«ҰЯ» деген ұлықты атауы бар ұлттық жобаны ойластырып, соны жүзеге асыруға қолдаушы іздеп жүрген қазақтың төрт талантты баласы, осы жобаларын көпке жеткізуді өтінді. «ҰЯ» еліміздің көркем әдебиетін, ұлттық аспаптарын, тағамдарын, киімдерін, күйлерін, ұлттық спорт түрлерін, тарихымызды жаңа технологиялар арқылы насихаттауды көздейтін жоба.

«Бүгінгі күнде қазақтың ұлттық аспаптары негізгі бөлігін құрайтын музыкалық Құрманғазы мектебі біз жүзеге асырған жоба қатарына жатады. Он ай қарқынды жұмыс ішінде үш жүзден астам оқушыны ұлттық аспаптарға үйретіп, қазіргі танда астанамыздың ең үздік мектептерінің бірі болып отыр. Әлемдік нарыкка шығып, шет ел азаматтарына қара домбырамызды онлайн платформамыз арқылы үйретіп жатырған еліміздегі алғашқы мектеп. Осы жобамыз қазақ аспаптарын дәріптеуде, қазақ мәдениетін дамытуда аз болса да өз үлесін қосып жатыр. Алайда, біз бұл жобамен тоқтап қалғымыз келмейді» – жоба жетекшісінің бірі Амир Кайпиев.

Қазіргі танда әлеуметтік желілердің жастар мен балаларға үлкен әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан біздің мәдениетіміздің салаларында ұмытылып бара жатқан бөліктерін тірілтуге, барлық жобалармен сыбайласатын UIA жобамыздың медиа бөлігі ортасында тұрады. Мысалы, дәстүрлі тағамдарымыз. Жүзден аса ұмыт болған тағамдарымызға тарих қойнауында мәңгіге қалу қаупі төніп тұр. UIA жобасы арқылы ауыл аралап әжелерімізден, тағам майталмандарынан дәстүрлі тағамдарымыздың мәзірін біліп, зерттеу жасау. Сол тағамдарымызды жастарға қызықты әрі түсінікті форматта жеткізіп, төл тағамдарызды дәріптеуді жоспарлап отырмыз. Осы тәрізде көркем өнер, салт-дәстүрлер және ән мен күй салаларында да медиа жобалар жасалады. Медиа жобаның көркем өнер саласындағы мақсаты Қазақстан суретшілерінің туындыларын дәріптеп, халық арасында көркем өнерге деген қызығушылықты ояту болса, ал ән мен күй саласында ұмыт болған дәстүрлі аспаптарымызды, ақын, күйшілерімізді дәріптеу.

«Жобамыздың медиа бөлігі мәдениетімізді жастарға таныстырып, оған сұранысты көбейтсе де, олардың қызығушылығы құр танумен алыска бармайтыны мәлім. Пайда болған қызығушылықты жоғалтып алмау мақсатымен қатар мәдени сұранысты қамту үшін UIA жобасы өндірістік және IT жобаларды ұсынады» – Дәулет Ерсаинов.

Әсіресе, төл тарихымызды комикс жанрында насихаттауды көздеп отырған жастардың ойы ерекше. Олардың айтуынша, мектеп пәндерінің арасындағы оқушы үшін ең қиын пәндердің бірі ол тарих пәні. Жастардың басым бөлігінде Қазақстан тарихы туралы түсініктері өте таяз. Бұл жастарға тарих пәнін қызықсыз түсіндірілуінің салдары. Жастар арасында комикстардың танымалдылығын пайдалана отырып, өз тарихымызды үйрету, дәріптеу әлдеқайда нәтижелі болатыны айдан анық, деп санайды олар.

«Біз ойластырған IT платформалардың бірі – Көркем өнер платформасы. Еліміздегі қыл қалам шеберлерінің табысы өкінішке орай өте аз. Ұсынылатын платформа суретшілердің өнер туындыларын көрсетуге, сипаттауға және онлайн сатуға мүмкіндік береді. Бұл платформаның мақсаты отандық суретшілерімізді қолдап әрі дәріптеу арқылы халық арасында көркем өнерге деген қызығушылықты ояту. Осы платформаға ұқсас көркем әдебиет платформасын ұсынамыз. Қазақ жазушыларының туындыларын толықтай анализ жасап, кейіпкерлер бейнесін, идеясын халыққа жетімді түрде жазу. Жоба мақсаты халыққа қазақтың көркем әдебиетін дәріптеу. Сонымен қатар жас жазушыларымызды қолдау» – деп пайымдайды жоба авторының бірі Сабыржан Нұрғалиев.

Рас, қазіргі кезде, балалар көбінесе далаға шығып ойындарды ойнағаннан гөрі видеоойындарды таңдайды. Сол ойындардың арасында футбол, баскетбол, хоккей видеоойындары бар. Осы видеоойындар өз спорт түрлеріне балалардың қызығушылығын арттырып, ойын туралы түсініктерін қалыптастыруға қатты әсер етеді. Демек, сол спорт түрлері видеоойындардың көмегімен дамиды. Ұлттық спорт түрлерін дәріптеудегі керемет құрал. Мысалға, көкпар видеоойынын неге жасамасқа?

Міне, ұлттық мүддені ұлықтаған осындай жастардың жобасы бүгінде қолдауға мұқтаж. ҚР Мәдениет министрі Ақтоты Райымқұлова, Ақпарат министрі Аида Балаева, өзге де мекемелер, ұйымдар, меценаттар қолдау көрсетсе, бұл бастама қоғам үшін зор пайдасын тигізер ірі медиа жобаға айналары сөзсіз. Жалынды жастарға ақ жол дейміз.

**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
*«Қазақ үні»*

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

***ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380***

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 429,24 | 3 ай | қала | 1287,72 | 6 ай | қала | 2575,44 | 12 ай | қала | 5150,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 447,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1343,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2687,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 5374,32 |


Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
Президент –
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Бас редактор –**
**Күлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**

**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің**
**Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**

**Жауапты хатшы –**
**Гүлмира САДЫҚ**

**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**
**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Тарату бөлімі:**
**Нұр-Сұлтанда:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),
**Астанада «Алты Алаш»**
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**
**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31
**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Дастан ЕЛДЕС**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген